

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Министерство образования и науки Республики Казахстан

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы
Национальная академия образования им. И. Алтынсарина



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕРІНІҢ 3, 6, 8-СЫНЫПТАРЫНДА
ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ МАЗМҰНЫН ЕНГІЗУ БОЙЫНША
ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАМА**

**МЕТОДИЧЕСКИЕ РЕКОМЕНДАЦИИ
ПО ВНЕДРЕНИЮ ОБНОВЛЕННОГО СОДЕРЖАНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
В 3, 6, 8 КЛАССАХ ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ШКОЛ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

(I бөлім – I часть)

Астана
2018

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесімен баспаға ұсынылды (2018 жылғы 4 желтоқсандағы № 12 хаттама).

Рекомендовано к изданию Ученым советом Национальной академии образования им. И. Алтынсарина (протокол № 12 от 4 декабря 2018 года).

Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінің 3, 6, 8-сыныптарында жаңартылған білім мазмұнын енгізу бойынша әдістемелік ұсынымдама. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2018. – 544 б.

Методические рекомендации по внедрению обновленного содержания образования в 3, 6, 8 классах общеобразовательных школ Республики Казахстан. – Астана: НАО имени И. Алтынсарина, 2018. – 544 с.

Әдістемелік құралда мониторингі жүргізудің рәсімдері мен құралдары анықталған; 3, 6, 8-сыныптарға арналған жаңартылған білім мазмұнындағы оқу бағдарламалары, оқулықтар мен ОӘК-тің сапасына, критериалды бағалау жүйесін енгізуге талдау жасалған. Сонымен қатар, жалпы білім беретін мектептердің 3, 6, 8-сыныптарында жаңартылған білім мазмұнын енгізудің нәтижелері бойынша әдістемелік ұсынымдар берілген.

Әдістемелік құрал жалпы білім беретін мектептердің басшылары мен пән мұғалімдеріне, біліктілікті арттыру институттарының әдіскерлеріне арналған.

В пособии разработаны процедуры и инструментарий проведения мониторинга; проанализированы качества учебных программ, учебников и УМК обновленного содержания образования, итоги внедрения системы критериального оценивания в 3, 6, 8 классах. Также даны методические рекомендации по итогам внедрения обновленного содержания образования в 3, 6, 8 классах общеобразовательной школы.

Методическое пособие предназначено для руководителей и учителей-предметников общеобразовательных школ, методистов институтов повышения квалификации.

© Ы. Алтынсарин атындағы
Ұлттық білім академиясы, 2018

© Национальная академия
образования им.И.Алтынсарина, 2018.

Кіріспе

Білім берудің жаңартылған мазмұнына кезең-кезеңмен көшу кестесіне сәйкес 2018-2019 оқу жылы елдегі жалпы білім беретін мектептердің 3, 6, 8-сыныптары жаңартылған білім мазмұнына көшті.

Білім берудің жаңартылған мазмұнын енгізу барысында білім сапасын, жаңартылған мазмұндағы оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендердің және критериалды бағалау жүйесінің тиімділігін анықтау мақсатында мониторинг жүргізілді. Мониторинг барысында республика мектептерінің жаңартылған білім мазмұнын енгізудегі жетістіктері мен кездескен қиыншылықтар, шешуді талап ететін мәселелер, 3,6,8-сыныптары мұғалімдері мен білім алушылардың ұсыныстары жинақталып зерделенді.

Сонымен қатар, жаңартылған білім беру мазмұнын енгізу жағдайында оқу процесін жүзеге асырудағы білім сапасының өзгеру динамикасын анықтау үшін 2017-2018 және 2018-2019 оқу жылдарының I тоқсаны бойынша білім алушылардың білім сапасы талданды.

Критериалды бағалау жүйесінің тиімділігін анықтауда білім алушылармен, педагогтермен әңгімелесу арқылы критериалды бағалау жүйесі жөніндегі жалпы түсініктері, пікірлері, оқу процесінде бағалауды жүзеге асырудың тиімділігі, туындаған проблемалары мен қиындықтары анықталды.

Осы әдістемелік ұсынымдамада жаңартылған білім мазмұнын енгізуге жүргізілетін мониторингтің мақсаты, рәсімдері мен құралдары көрсетіледі.

Сонымен қатар елдегі жалпы білім беретін мектептердің 3, 6, 8-сыныптарында жаңартылған білім мазмұнын енгізуге талдау жасалады. Жүргізілген мониторинг негізінде оқу пәндері бойынша жаңартылған білім мазмұнындағы үлгілік оқу бағдарламаларының ерекшеліктері, оқу процесіндегі тиімділігі зерделенеді.

Жаңартылған білім мазмұны бойынша әзірленген оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендердің сапасына талдау жасалды. Мониторинг барысында оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендердің пән бойынша үлгілік оқу бағдарламасына сәйкестігі, оқу материалдарының сапасы, оқу процесінде қолданудың тиімділігі, оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерімен қамтылу деңгейі сараланады.

Мониторинг бойынша критериалды бағалау жүйесін енгізуге талдау жасалады. 3, 6, 8-сыныптардың пән мұғалімдерімен және білім алушылармен жүргізілген сауалнама негізінде критериалды бағалау жүйесінің оқу процесінде іске асырылуы, тиімділігі зерделенді.

Сонымен қатар жүргізілген мониторинг негізінде елдегі жалпы білім беретін мектептердің 3, 6, 8-сыныптарында жаңартылған білім мазмұнын енгізу нәтижесі бойынша әдістемелік ұсынымдамалар беріледі.

1 Мониторинг мақсаты, рәсімдері және құралдары

Орта мектептерде білім берудің жаңартылған мазмұнын енгізу процесін зерттеудің негізгі құралдарының бірі – мониторинг.

Мониторинг бастапқы деректерді, оқу жоспарларын, оқулықтарды және оқу-әдістемелік материалдарды талдау кезеңінде анықталған мәселелерді зерделеу, мектептерге әдістемелік қолдау көрсету, жаңартылған білім беру мазмұны бойынша оқып жатқан білім алушылардың білім сапасын бағалау мақсатында жүргізіледі. Мониторингтің негізгі мақсаты – оқу бағдарламасын іске асыру барысында оның нәтижелерінің сапасын арттыру үшін біртіндеп өзгерістер енгізуге ықпал ететін барлық оқу процесіне қатысушыларды кері байланыспен қамтамасыз ету.

Мониторинг мақсаты, рәсімдері және құралдары

Мақсаты: жаңартылған білім беру мазмұнында әзірленген оқу бағдарламаларының, оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендердің және мектептердегі шынайы оқу процесінде іске асып жатқан критериалды бағалау жүйесінің енгізілу сапасы мен тиімділігін бағалау.

Міндеттері:

1) практикада әзірленген оқу бағдарламаларының, оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендердің және критериалды бағалау жүйесінің тиімділігін тексеру:

- критерийлік бағалау жүйесінің оңтайлығы зерделеу;
- оқушылардың оқу процесіне эмоционалды қатынасын бақылау;
- оқу жоспарына негізделген оқыту мен бағалау әдістерінің дәрежесін анықтау (түсіну және қолдану);
- оқушылардың оқу нәтижелерін талдау.

Мониторинг екі бағыт бойынша жүзеге асырылды:

- 3, 6, 8-сыныптар оқушыларының білім сапасын анықтау;
- 3, 6, 8-сыныптардағы оқулықтар мен оқу-әдістемелік материалдарды талдау.

3, 6, 8-сыныптар оқушыларының білім сапасын анықтау.

Мониторингтің сапалы талдауы үшін республика мектептерінің 30% -ы қамтылып, аймақтар бойынша деректер 1-3-кестелерге сәйкес зерделенді.

1-кесте – Аймақтар бойынша жалпы білім беретін мектептердің 3-сыныптары білім алушыларының 2017-2018 оқу жылының I-тоқсанының және 2018-2019 оқу жылының I-тоқсанының қорытындылары бойынша білім сапасы

Облыс _____

Оқыту тілі _____

3-сыныптар						
Пәндер атауы	1-аудан*		2-аудан*		3-аудан*	
	2017-2018 оқу жылы I тоқсаны бойынша**	2018-2019 оқу жылы I тоқсаны бойынша	2017-2018 оқу жылы I тоқсаны бойынша**	2018-2019 оқу жылы I тоқсаны бойынша	2017-2018 оқу жылы I тоқсаны бойынша**	2018-2019 оқу жылы I тоқсаны бойынша

Қазақ тілі						
Әдебиеттік оқу						
Орыс тілі (Т2)						
Ағылшын тілі						
Математика						
АКТ						
Жаратылыстану						
Дүниетану						

* облыс аудандарының атаулары жеке-жеке жазылады, әрбір аудандағы мектептердің 30 %-ын қамту қажет;

** бағанға 2017-2018 оқу жылында МЖМБС-2012 жылғы оқу бағдарламалары бойынша оқыған 3-сыныптардың білім сапасы толтырылады

2-кесте – Аймақтар бойынша жалпы білім беретін мектептердің 6-сыныптары білім алушыларының 2017-2018 оқу жылының I-тоқсанының және 2018-2019 оқу жылының I-тоқсанының қорытындылары бойынша білім сапасы

Облыс _____

Оқыту тілі _____

6-сыныптар						
Пәндер атауы	1-аудан*		2-аудан*		3-аудан*	
	2017-2018 оқу жылы I тоқсаны бойынша**	2018-2019 оқу жылы I тоқсаны бойынша	2017-2018 оқу жылы I тоқсаны бойынша**	2018-2019 оқу жылы I тоқсаны бойынша	2017-2018 оқу жылы I тоқсаны бойынша**	2018-2019 оқу жылы I тоқсаны бойынша
Қазақ тілі						
Әдебиеттік оқу						
Орыс тілі және әдебиет						
Ағылшын тілі						
Математика						
Информатика						
Жаратылыстану						
Қазақстан тарихы						
Дүниежүзі тарихы						

* облыс аудандарының атаулары жеке-жеке жазылады, әрбір аудандағы мектептердің 30 %-ын қамту қажет;

** бағанға 2017-2018 оқу жылында МЖМБС-2012 жылғы оқу бағдарламалары бойынша оқыған 6-сыныптардың білім сапасы толтырылады

3-кесте – Аймақтар бойынша жалпы білім беретін мектептердің 8-сыныптары білім алушыларының 2017-2018 оқу жылының I-тоқсанының және 2018-2019 оқу жылының I-тоқсанының қорытындылары бойынша білім сапасы

Облыс _____

Оқыту тілі _____

8-сыныптар						
	1-аудан*		2-аудан*		3-аудан*	
	2017-2018 оқу жылы I тоқсаны	2018-2019 оқу жылы I тоқсаны	2017-2018 оқу жылы I тоқсаны	2018-2019 оқу жылы I тоқсаны	2017-2018 оқу жылы I тоқсаны	2018-2019 оқу жылы I тоқсаны

Пәндер атауы	бойынша**	бойынша	бойынша**	бойынша	бойынша**	бойынша
Қазақ тілі						
Әдебиеттік оқу						
Орыс тілі және әдебиет						
Ағылшын тілі						
Алгебра						
Геометрия						
Информатика						
Физика						
Химия						
Биология						
География						
Қазақстан тарихы						
Дүниежүзі тарихы						

* облыс аудандарының атаулары жеке-жеке жазылады, әрбір аудандағы мектептердің 30 %-ын қамту қажет;

** бағанға 2017-2018 оқу жылында МЖМБС-2012 жылғы оқу бағдарламалары бойынша оқыған 3, 6, 8-сыныптардың білім сапасы толтырылады

Жалпы білім беретін мектептердің 3, 6, 8-сыныптары оқушыларының білім сапасын зерделу 4-9-кестелерге сәйкес жүргізілді.

4-кесте – Қазақ тілінде оқытатын мектептердің 3-сынып оқушыларының оқу пәндері бойынша үш жылдағы білім сапасы

Пәндер	1 А (2016-2017 оқу жылы)	2 А (2017-2018 оқу жылы)	3 А (1 тоқсан, 2018-2019 оқу жылы)
Сауат ашу			
Қазақ тілі			
Әдебиеттік оқу			
Қазақ тілі (Т2)			
Ағылшын тілі			
Математика			
АКТ			
Жаратылыстану			
Дүниетану			

5-кесте – Қазақ тілінде оқытатын мектептердің 3-сынып оқушыларының білім сапасы

Пәндер	2017-2018 оқу жылының І-тоқсаны **	2018-2019 оқу жылының І-тоқсаны
Орыс тілі		
Әдебиеттік оқыту		
Қазақ тілі (Т2)		
Ағылшын тілі		
Математика		

АКТ		
Жаратылыстану		
Дүниетану		

6-кесте – Қазақ тілінде оқытатын мектептердің 6-сынып оқушыларының оқу пәндері бойынша екі жылдағы білім сапасы

Пәндер	5 А (2017-2018 оқу жылы)	6А (2018-2019 оқу жылының I тоқсаны)
Қазақ тілі		
Қазақ әдебиеті		
Русский язык и литература		
Ағылшын тілі		
Математика		
Информатика		
Жаратылыстану		
Қазақстан тарихы		
Дүниежүзі тарихы		

7-кесте – Қазақ тілінде оқытатын мектептердің 6-сынып оқушыларының білім сапасы

Пәндер	2017-2018 оқу жылының I-тоқсаны **	2018-2019 оқу жылының I-тоқсаны
Қазақ тілі		
Қазақ әдебиеті		
Русский язык и литература		
Ағылшын тілі		
Математика		
Информатика		
Жаратылыстану		
Қазақстан тарихы		
Дүниежүзі тарихы		

8-кесте – Қазақ тілінде оқытатын мектептердің 8-сынып оқушыларының оқу пәндері бойынша екі жылдағы білім сапалары

Пәндер	7 А (2017-2018 оқу жылы)	8 А (2018-2019 оқу жылының I-тоқсаны)
Қазақ тілі		
Қазақ әдебиеті		
Орыс тілі және әдебиеті		
Ағылшын тілі		
Алгебра		

Геометрия		
Информатика		
Физика		
Химия		
Биология		
География		
Қазақстан тарихы		
Дүниежүзі тарихы		

9-кесте – Қазақ тілінде оқытатын мектептердің 8-сынып оқушыларының білім сапасы

Пәндер	2017-2018 оқу жылының І тоқсаны **	2018-2019 оқу жылының І тоқсаны
Қазақ тілі		
Қазақ әдебиеті		
Орыс тілі және әдебиеті		
Ағылшын тілі		
Алгебра		
Геометрия		
Информатика		
Физика		
Химия		
Биология		
География		
Қазақстан тарихы		
Дүниежүзі тарихы		

3, 6, 8-сыныптарға арналған оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді талдау 10-11-кестелер бойынша жүргізілді.

10-кесте – 3, 6, 8-сыныптарға арналған оқулықтарды талдау критерийлері

Оқулық атауы	Материалды меңгеруге ынталандыратын сұрақтар мен тапсырмалар			Оқулық мазмұнында практикаға бағытталған тапсырмалар		
	Жеткілікті берілген	Толықтыруды қажет етеді	Берілмеген	Жеткілікті берілген	Толықтыруды қажет етеді	Берілмеген

11-кесте – 3, 6, 8-сыныптарға арналған оқу-әдістемелік кешендерді талдау критерийлері

№	Оқу-әдістемелік кешенін атауы	Сыни тұрғыдан ойлауды дамытуда қолданылатын педагогикалық технологиялардың (пәнге қатысты) болуы			Қалыптастырушы бағалауға арналған материалдардың болуы			Жиынтық бағалауға арналған материалдардың болуы		
		Пән мазмұнына сәйкес әзірленген	Пән мазмұны қамтылмаған	Мүлдем берілмеген	Берілген және мазмұнына сәйкес әзірленген	Берілген және мазмұнына сәйкес емес	Мүлдем берілмеген	Берілген және мазмұнына сәйкес әзірленген	Берілген және мазмұнына сәйкес емес	Мүлдем берілмеген

Сонымен қатар, фокус-топтарда жұмыс жасау, сабақтарға қатысу, сауалнамаларды толтыру жоспарланды.

2 Елдегі мектептердің 3, 6, 8-сыныптарында жаңартылған білім мазмұнының енгізілуін талдау

2.1 Жаңартылған білім мазмұнындағы оқу бағдарламаларының сапасына талдау жасау

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2017 жылдың 31 қаңтарында Қазақстан халқына арнаған «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» Жолдауында көрсетілгендей, бүгінгі күні білім беру саясатындағы басым мақсат – білім беру сапасын көтеру. Жолдауда «Ең алдымен, білім беру жүйесінің рөлі өзгеруге тиіс. Біздің міндетіміз — білім беруді экономикалық өсудің жаңа моделінің орталық буынына айналдыру. Оқыту бағдарламаларын сыни ойлау қабілетін және өз бетімен іздену дағдыларын дамытуға бағыттау қажет» деп атап айтылған [1].

Бүгінде білім беру түбегейлі жаңаша ойлауды талап ететін іргелі реформалар сатысына енді. ДЭФ ХХІ ғасырдағы табысты адамның білімі мен біліктілігінің 16 түрін белгіледі. Бұл командада жұмыс істеу дағдылары, көшбасшылық қасиеттер, бастамашылық, ІТ-күзыреттілік, қаржылық және азаматтық сауаттылық және т.б.

2015 жылы Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ) Білім беру саясаты жөніндегі комитеті «Білім мен дағдылардың болашағы: Білім беру-2030» атты жаңа жобасын іске асыруды бастады. ЭЫДҰ әлем бұдан бұрын белгісіз жаһандық сын-қатерлерге көп ұшырайтын, өзгергіш және осал болып келеді.

Қазіргі заманғы адам ХVІІ ғасырдың адамы өмір бойы алатын және өңдейтін ақпаратты 1 айда алады және өңдейді. Алдыңғы қатарлы экономика білім беру мақсаттарын «білетін адамнан» – «шығармашылық ойлауға, әрекет етуге, өзін-өзі дамытуға қабілетті адамға» ауыстыруды талап етеді. Осыған байланысты ХХ ғасырдың 80 жылдары әлемнің жетекші елдері білімге бағытталған білім беруден практикаға бағытталған білімге көшуді бастады.

Мектеп оқушыларын осындай жағдайлардағы өмірге дайындау үшін академиялық білім, функционалдық дағдылар, жеке күзыреттілік пен қарым-қатынас жеткіліксіз. Метатаным, метақұзыреттілік сияқты жаңа қасиеттер қажет.

2014 жылы ЭЫДҰ жүргізген Қазақстандағы орта білім беру шолуында:

- академиялық пәндер теорияға баса назар аудара отырып, оқытылады;
- олардың практикалық жағына тиісті назар аударылмайды;

- нәтижесінде оқушылар алған білімдерін стандартты емес жағдайларда жеткілікті дәрежеде тиімді қолдана алмайды деген қорытынды жасады.

Жалпы, біздің оқушылар мықты пәндік, нақтырақ айтқанда, фактологиялық білім алады, бірақ көбінесе оларды өмірлік жағдайларда қолдана алмайды.

Дәстүрлі оқыту қазақстандық оқушылардың академиялық білімдерінің жеткілікті деңгейін қамтамасыз етеді, бірақ оларды өздігінен білім алуға, талдау және тиімді пайдалануға даярламайды.

Рас, отандық білім беруде дәстүрлі оқыту жүйесінен алшақтау әрекеті бірнеше рет жүзеге асырылды, бірақ өзгерістерді фрагменттермен енгізу білім берудің ескі мазмұнына қоса берілді. Бұл оқу процесінің шамадан тыс жүктелуіне және дайын ақпараттың шамадан тыс көлемін беруге әкелді. Әлі де оқушы білімді пассивті «алушы» болып келеді.

Бүгінде Қазақстанның мектеп білімі жаңа бастау кезеңінде тұр. Қазіргі уақытта инфрақұрылымдық даму және жаңартылған мазмұнға көшу басымдыққа айналды.

Бастауыш, негізгі және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті жаңа стандарттары әзірленіп, қабылданды. Орта білім берудің барлық деңгейлері үшін үлгілік оқу жоспарлары әзірленді (12-15-кестелер).

12-кесте – Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспары

№	Білім салалары және оқу пәндері	Сыныптар бойынша апталық сағат саны				Жалпы жүктеме, сағат	
		1	2	3	4	апталық	жылдық
Инварианттық компонент							
I	Тіл және әдебиет	10	11	11	11	43	1452
1	Сауат ашу	6	-	-	-	6	198
2	Қазақ тілі	-	4	4	4	12	408
3	Әдебиеттік оқу	-	3	3	3	9	306
4	Орыс тілі (Я2)	2	2	2	2	8	270
5	Ағылшын тілі	2	2	2	2	8	270
II	Математика және информатика	4	4	6	6	20	676
6	Математика	4	4	5	5	18	608
7	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	-	-	1	1	2	68
III	Жаратылыстану	1	1	2	2	6	203
8	Жаратылыстану	1	1	2	2	6	203
IV	Адам және қоғам	2	2	2	2	8	270
9	Дүниетану	1	1	1	1	4	135
10	Өзін-өзі тану	1	1	1	1	4	135

V	Технология және өнер	2	2	2	2	8	270
11	Көркем еңбек	1	1	1	1	4	135
12	Музыка	1	1	1	1	4	135
VI	Дене шынықтыру	3	3	3	3	12	405
13	Дене шынықтыру	3	3	3	3	12	405
Инварианттық оқу жүктемесі		22	23	26	26	97	3276
Вариативтік компонент							
Таңдауы бойынша сабақтар		-	1	1	1	3	102
Белсенді-қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар		2	1	2	2	7	236
Вариативтік оқу жүктемесі		2	2	3	3	10	338
Оқу жүктемесінің жоғарғы шекті көлемі		24	25	29	29	107	3614

13-кесте. Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін негізгі білім берудің үлгілік оқу жоспары (орта білім беру мазмұнын жанарту аясында)

№	Білім салалары және оқу пәндері	Сыныптар бойынша апталық сағат саны					Жалпы жүктеме, сағат	
		5	6	7	8	9	Апталық	Жылдық
Инварианттық компонент								
I	Тіл және әдебиет	11	11	11	11	11	55	1870
1	Қазақ тілі	3	3	3	2	2	13	442
2	Қазақ әдебиеті	2	2	2	3	3	12	408
3	Орыс тілі мен әдебиеті	3	3	3	3	3	15	510
4	Ағылшын тілі	3	3	3	3	3	15	510
II	Математика және информатика	6	6	6	6	6	30	1020
5	Математика	5	5	-	-	-	10	340
6	Алгебра	-	-	3	3	3	9	306
7	Геометрия	-	-	2	2	2	6	204
8	Информатика	1	1	1	1	1	5	170
III	Жаратылыстану	2	2	7	8	8	27	918
9	Жаратылыстану	2	2	-	-	-	4	136
10	Физика	-	-	2	2	2	6	204
11	Химия	-	-	1	2	2	5	170

12	Биология	-	-	2	2	2	6	204
13	География	-	-	2	2	2	6	204
IV	Адам және қоғам	4	4	4	4	5	21	714
14	Қазақстан тарихы	2	2	2	2	2	10	340
15	Дүниежүзі тарихы	1	1	1	1	1	5	170
16	Құқық негіздері	-	-	-	-	1	1	34
17	Өзін-өзі тану	1	1	1	1	1	5	170
V	Технология және өнер	3	3	1	1	1	9	306
18	Музыка	1	1				2	68
19	Көркем еңбек	2	2	1	1	1	7	238
VI	Дене шынықтыру	3	3	3	3	3	15	510
20	Дене шынықтыру	3	3	3	3	3	15	510
Инварианттық оқу жүктемесі		29	29	32	33	34	157	5338
Вариативтік компонент								
Элективті курстар		2	3	1	2	3	11	364
Жеке және топтық жұмыстар		1	1	1	1	1	5	170
Вариативті оқу жүктемесі		3	4	2	3	4	16	534
Оқу жүктемесінің жоғарғы шекті көлемі		32	33	34	36	38	173	5882

14-кесте – Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін қоғамдық-гуманитарлық бағыт бойынша жалпы орта білім берудің (жаңартылған мазмұнның) үлгілік оқу жоспары

№	Оқу пәндері	Сыныптар бойынша апталық сағаттар саны		Жалпы жүктеме	
		10	11	апталық	жылдық
Инварианттық компонент					
Міндетті пәндер					
1.	Алгебра және анализ бастамалары	3	3	6	204
2.	Геометрия	1	1	2	68
3.	Информатика	2	2	4	136
4.	Қазақ тілі	2	2	4	136
5.	Қазақ әдебиеті	3	3	6	204
6.	Орыс тілі мен әдебиеті	2	2	4	136
7.	Ағылшын тілі	3	3	6	204
8.	Қазақстан тарихы	2	2	4	136

9.	Өзін-өзі тану	1	1	2	68
10.	Дене шынықтыру	3	3	6	204
11.	Алғашқы әскери және технологиялық дайындық	1	1	2	68
Оқу жүктемесі		23	23	46	1564
Таңдау пәндері					
Тереңдетілген деңгей		3 сағаттан 2 пән	3 сағаттан 2 пән		
12.	Шетел тілі				
13.	Дүниежүзі тарихы				
14.	География				
15.	Құқық негіздері				
Оқу жүктемесі		6	6	12	408
Стандарттық деңгей		2 сағаттан 2 пән	2 сағаттан 2 пән		
16.	Физика				
17.	Химия				
18.	Биология				
19.	Кәсіпкерлік және бизнес негіздері				
Оқу жүктемесі		4	4	8	272
Инварианттық оқу жүктемесі		33	33	66	2244
Жеке және топтық сабақтар		6	6	12	408
Оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі		39	39	78	2652

Ерекше білім беруге қажеттілігі бар білім алушылар үшін жеке және топтық сабақтарға бөлінген сағаттар шеңберінде түзету-дамыту сабақтары ұйымдастырылады.

15-кесте – Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін жаратылыстану-математика бағыты бойынша жалпы орта білім берудің (жанартылған мазмұнның) үлгілік оқу жоспары

№	Оқу пәндері	Сыныптар бойынша апталық сағаттар саны		Жалпы жүктеме	
		10	11	апталық	жылдық
Инварианттық компонент					
Міндетті пәндер					
1.	Алгебра және анализ бастамалары	4	4	8	272
2.	Геометрия	2	2	4	136
3.	Информатика	2	2	4	136
4.	Қазақ тілі	1	1	2	68

5.	Қазақ әдебиеті	2	2	4	136
6.	Орыс тілі мен әдебиеті	2	2	4	136
7.	Ағылшын тілі	3	3	6	204
8.	Қазақстан тарихы	2	2	4	136
9.	Өзін-өзі тану	1	1	2	68
10.	Дене шынықтыру	3	3	6	204
11.	Алғашқы әскери және технологиялық дайындық	1	1	2	68
Оқу жүктемесі		23	23	46	1564
Таңдау пәндері					
Тереңдетілген деңгей		4 сағаттан 2 пән	4 сағаттан 2 пән		
12	Физика				
13	Химия				
14	Биология				
15	География				
Оқу жүктемесі		8	8	16	544
Стандарттық деңгей		2 сағаттан 1 пән	2 сағаттан 1 пән		
16	Дүниежүзі тарихы				
17	Кәсіпкерлік және бизнес негіздері				
18	Графика және жобалау				
19	Құқық негіздері				
Оқу жүктемесі		2	2	4	136
Инварианттық оқу жүктемесі		33	33	66	2244
Жеке және топтық сабақтар		6	6	12	408
Оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі		39	39	78	2652

Жаңартылған мазмұндағы жалпыға міндетті білім беру стандартының ерекшеліктерін қарастырайық.

Бастауыш білім беру деңгейінде:

1) «Жаратылыстану» оқу пәні енгізілді. Ол білім берудің келесі деңгейлерінде «Биология», «Физика» және «Химия» оқу пәндерін оқып-үйренудің бастапқы курсы болып табылады, сондай-ақ білімнің кез келген саласы үшін маңызды зерттеу дағдыларының негіздерін қалыптастырады.

2) Қоғамдық-гуманитарлық ғылымның кіріспе курсы болып табылатын «Дүниетану» пәнінің мазмұны өзгертілді. Оқу пәнінің негізін қоршаған әлемде болып жатқан процестердің тарихи, географиялық және әлеуметтік түсінігін қалыптастыруға ықпал ететін «Тарих», «География» және «Қоғамтану» пәндері құрайды.

Осылайша, бала өзі туралы біледі: «Мен кіммін?», «Күн тәртібі», «Мен және менің мектебім», «Отбасы дәстүрлері», «Қала және ауыл», «Менің ата-анам».

3) «Еңбекке баулу» және «Бейнелеу өнері» пәндерін қамтитын «Көркем еңбек» кіріктірілген пәні енгізілді.

4) Үшінші сыныптан «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» оқу пәні енгізілді. Ол компьютерлік технологияларды қолданудың практикалық дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Мұнда 3-сынып оқушылары кестелермен, схемалармен, сызбалармен және диаграммалармен жұмыс жасаудың қарапайым әдістерін қолдана алады.

Бұл пәнді оқыту оқытудың ерте кезеңдерінде балалар ақпараттық ортада еркін бағдар алуы үшін ақпараттық мәдениетті қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Негізгі орта білім беру деңгейінде:

1) 5-6-сыныптарда «Жаратылыстану» пәні оқытылады.

2) «Технология» және «Бейнелеу өнері» пәндерін біріктіретін «Көркем еңбек» кіріктірілген пәні енгізілді.

3) «Физика», «Химия», «Биология», «География» 7-сыныптан бір мезгілде оқытылатын болады. Осы арқылы мектептегі жаратылыстану-ғылыми білім берудің үздіксіздігі қамтамасыз етіледі: «Жаратылыстану» пәнін 5-сыныпта оқып болғаннан кейін «Физика» пәні 7-сыныпта, ал «Химия» пәні 8-сыныпта оқылатын бұрынғы алшақтық жойылды.

4) 5-сыныптан «Қазақстан тарихы» және «Дүниежүзі тарихы» пәндерін қатар оқыту басталады. Қолданыстағы ҰОЖ бойынша Қазақстан тарихын оқыту 5-сыныптан, ал Дүниежүзі тарихы – 6-сыныптан басталатын. Бірақ жеке елдің тарихын әлемнің тарихи дамуының біртұтас көрінісіне сүйенбей оқып-білу мүмкін емес.

5) Тілдік пәндер кіріктірілген. Үлгілік оқу жоспарына оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін мектептерге арналған «Қазақ тілі мен әдебиеті» және оқыту орыс тілінде жүргізілмейтін мектептерге арналған «Орыс тілі мен әдебиеті» пәндері енгізілген.

Екінші және үшінші тілді оқытудағы коммуникативтілік сөйлеу әрекетінің төрт түрін: тыңдалым, айтылым, оқылым және жазылымды дамытуға бағытталуымен қамтамасыз етіледі. Әдеби шығармалардың негізінде сөйлеу дағдыларын дамыту жұмыстарын ұйымдастыру тілдік материалды меңгеруді және көркем әдебиетті оқуды үйлесімді байланыстырады.

Жалпы орта білім беру деңгейінде:

1) 10-11-сыныптарға арналған үлгілік оқу жоспары бойынша оқу бағытына қарамастан, барлық білім алушылар үшін бірыңғай пәндер жиынтығы анықталды. Мектептің әрбір түлегі дүниетаным, интеллект, азаматтылықты қалыптастыратын пәндерді оқып-білуі тиіс. Бірінші кезекте бұл – Ана тілі, Мемлекеттік тіл, Қазақстан тарихы, Бастапқы әскери және технологиялық дайындық, яғни инвариантты компонентке енгізілген пәндер.

2) жаңа ҮОЖ-да «бейіндік» термині қолданылмайды, өйткені ҚТБ мен ЖМБ – бұл бейіндер емес, бағыттар. Ал бейіндік вариативті компонент бойынша қандай пәндер оқытылатынын білім алушылардың өздері тандап, анықтайды.

3) Оқушы компонентіне педагогикалық құрамға байланысты әрбір мектеп ұсынатын оқу курстары емес, оқу пәндері енгізілген, яғни бұл – басқа деңгей. Республика бойынша ҚР БҒМ тапсырысымен әзірленген пәндер жүргізіледі. Жекелеген пәндерді оқуға бөлінген сағаттарды да білім алушылардың өздері анықтайтын болады. Мысалы, қоғамдық-гуманитарлық бағыт бойынша білім алушы 4 сағат бойы тек екінші шетел тілімен айналыса алады немесе бір сағаттан 4 пәнді және т.б. меңгере алады.

Жаңартылған білім мазмұнына көшу аясында Үлгілік оқу жоспарларына сәйкес (12-15-кестелер) 1-11-сыныптарға арналған барлық оқу пәндері бойынша оқу бағдарламалары әзірленген [2-44].

Жаңартылған оқу бағдарламаларының мазмұндық ерекшеліктері:

- пән мазмұнын жобалау кезіндегі «шиыршық» принципі, яғни білім мен біліктерді тігінен, сондай-ақ көлденеңінен біртіндеп кеңейту (дағдыларды тақырыптар және сыныптар бойынша күрделендіру);

- пәндік операциялардың ең маңызды түрлері бойынша жіктелетін және таным заңдылығына негізделген оқу мақсаттарының Блум таксономиясы бойынша иерархиясы;

- білім беру деңгейлері бойынша және бүкіл оқыту курсы бойында педагогикалық мақсаттарды тұжырымдау, бұл пәнішілік байланыстарды барынша ескеруге мүмкіндік береді;

- білім саласы ішіндегі пәндердің арасындағы байланыстарды, сондай-ақ пәнаралық байланыстарды жүзеге асыру үшін ортақ тақырыптардың болуы;

- бөлімдер мен ұсынылған тақырыптар мазмұнының уақыт талабына сәйкес болуы, әлеуметтік дағдыларды қалыптастыруға баса назар аудару;

- оқу процесін ұзақ мерзімді, орта мерзімді, қысқа мерзімді жоспарлар түрінде технологияландырылуы болып табылады.

Жаңа оқу бағдарламаларының тағы бір ерекшелігі – олардың пәндік білім мен дағдыларды ғана емес, сондай-ақ, кең ауқымды дағдыларды қалыптастыруға бағытталуы. Оқу мақсаттарының жүйесі келесі кең ауқымды дағдыларды дамытудың негізі болып табылады: функционалдық және шығармашылық түрінде білімдерін қолдану, сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану, қарым-қатынастың әртүрлерін қолдану, жеке және топта жұмыс істей алу, мәселелерді шешу және шешімдер қабылдау.

Жаңартылған оқу бағдарламаларының икемділігі мен жан-жақтылығы оның маңызды сипаттамасы болып табылады. Тиісті тоқсанның аясында тараулар мен тақырыптарды игеруге бөлінетін сағат санын анықтау мұғалімдердің еркіне қалдырылған.

Жаңартылған білім мазмұнын жүзеге асыру аясында сабақты жоспарлауда оқытудың жаңа тәсілдерін қолдану ұсынылады. Яғни, озық

тәжірибелерді, оқыту мен оқудағы, бағалау жүйесіндегі жаңа технологиялар мен әдістерді енгізу, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізудің тиімді жолдарын күшейту, оқытудағы әртүрлі сандық білім беру ресурстарын, мектепаралық желілік өзара іс-қимылды, мектепаралық оқу жоспарлары мен бағдарламаларын, «мұғалімдермен алмасуды», мектептегі пәндер бойынша оқытуда жаңа технологияларды қолданудың шеберлік сабақтарын пайдалануды кеңейту қажет.

2018-2019 оқу жылында жалпы білім беретін мектептердің 3-ші, 6-шы және 8-ші сыныптарында оқыту білім мазмұны жаңартылған оқу бағдарламаларымен жүргізілуде.

3, 6, 8-сыныптарға арналған жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламаларының саны туралы 1-3-суретте көрсетілген.



1-сурет – Білім беру салалары бойынша 3-сыныптарға арналған оқу бағдарламаларының саны



2-сурет – Білім беру салалары бойынша 6-сыныптарға арналған оқу бағдарламаларының саны



3-сурет – Білім беру салалары бойынша 8-сыныптарға арналған оқу бағдарламаларының саны

Жоғарыда көрсетілген сыныптардың оқу пәндері жөніндегі мәліметтер 16-кестеде берілген.

16-кесте – Сыныптар бойынша оқу пәндерінің атауы (орта білім мазмұнын жаңарту аясында), *оқыту орыс тілінде*

Оқу пәндерінің атауы	3-сынып	6-сынып	8-сынып
Сауат ашу			
Қазақ тілі			
Әдебиеттік оқу			
Қазақ әдебиеті			
Орыс тілі (Я2)			
Орыс тілі мен әдебиеті	-		
Ағылшын тілі			
Математика			
Алгебра			
Геометрия			
Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар			
Информатика			
Жаратылыстану			
Физика			
Химия			
Биология			
География			
Дүниетану			
Қазақстан тарихы			
Дүниежүзі тарихы			
Құқық негіздері			
Өзін-өзі тану			
Музыка			
Көркем еңбек			
Дене шынықтыру			
Барлығы	12	13	16

Кестеде көрсетілгендей, білім мазмұнын жаңарту аясында 3-сыныптар үшін – 12, 6-сыныптар үшін – 13, 8-сыныптар үшін – 16 [2-32] оқу бағдарламасы әзірленді.

Жаңартылған мазмұндағы оқу пәндері бойынша Үлгілік оқу бағдарламалары білім алушылардың нақты оқу мақсаттарына қол жеткізуіне бағытталған, бұл тек белгілі бір білім көлемін алу ғана емес, сонымен қатар

оларды оқуда және өмірлік мәселелерді шешуде қолдана білу, яғни білім алушыларда функционалдық сауаттылық пен сыни ойлау дағдыларын қалыптастыру болып табылады.

Сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясының мақсаты балалардың одан кейінгі өмірінде қажет болатын ойлау дағдыларын дамыту болып табылады (салмақты шешімдер қабылдау, ақпаратпен жұмыс істеу, басты және екінші дәрежелі ақпараттарды ажырата білу, құбылыстарды жан-жақты талдау). Бұл технология оқушының дамуына бағытталған. Баланың дамуының негізгі көрсеткіштері бағалануы, жаңа идеяларға ашық болуы, өзіндік пікірлері мен ойларына рефлексия болып табылады [33].

Отандық орта білім беру мазмұнын жаңарту жөніндегі шараларда қазіргі өмірде кеңінен қолданылатын дағдыларға баса назар аударылады. Жалпыадамзаттық және этномәдени құндылықтарға негізделе отырып, бұл дағдылар білім алушыларға оқу және өмірлік сипаттағы мәселелерді шешуге мүмкіндік береді. «Кең ауқымды дағдылар» мынадай әрекет түрлерін қамтиды: білімді шығармашылықпен қолдану; сыни ойлау; зерттеу жұмыстарын орындау; АКТ пайдалану; тілдік дағдыларды қоса алғанда, коммуникативтік қарым-қатынас тәсілдерін қолдану; топта және жеке жұмыс істей білу.

Жаңарту жағдайындағы бағдарлама оқу жетістіктерінің продуктивті сипатымен ерекшеленеді, ал оқу процесі әрбір сабақта «білім алу» бойынша білім алушылардың белсенді әрекетімен сипатталады. Бұл жағдайда оқушы – таным субъектісі, ал мұғалім – білім алушылардың танымдық әрекетін ұйымдастырушы болып табылады.

Әрбір оқушы жасына және табыстылығына қарамастан, жеке тұлға ретінде қабылдануына ұмтылу қажет. Оқу мақсаттары оқушы мен мұғалім үшін ортақ болған кезде білім беру мазмұнын жаңартудың педагогикалық аспектісі болып табылады.

Осыған қол жеткізу үшін білім алушының дамуына қолайлы жолдастық орта құру маңызды болып табылады.

Жаңартылған мазмұн бойынша оқу пәндерін оқыту мыналарды қамтамасыз етеді:

- энциклопедиялық сипаттағы фактологиялық материалды беруден ақпарат алу тәсілдерін үйретуге бағытталған оқытуға баса назар аудару;
- серіктестік пен дербестікке қабілетті тұлғаның өзін-өзі реттеуі;
- ақпаратты өз бетімен табу, талдау және тиімді пайдалану білігін қалыптастыру;

- оқу бағдарламаларында көрсетілген білім мазмұны анықталатын оқу процесінің дәстүрлі ұйымдастырылуынан алшақтап, білім беру салалары бойынша анықталатын және іс-әрекет аспектісін көрсететін күтілетін нәтижелерге назар аудару, яғни білім алушылар «біледі», «түсінеді», «қолданады», «талдайды», «синтездейді», «бағалайды».

Білім берудің жаңартылған мазмұнын іске асыру аясында озық тәжірибелерді, сабақ беру мен оқытуда, бағалау жүйесінде жаңа технологиялар мен тәсілдемелерді енгізу, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды

енгізудің тиімді жолдарын күшейту, оқытуда әртүрлі цифрлық білім беру ресурстарын, мектепаралық желілік өзара іс-қимыл, мектепаралық оқу жоспарлары мен бағдарламалары, «мұғалімдермен алмасуды» пайдалануды кеңейту, мектепте пәндерді оқытуда жаңа технологияларды қолдану бойынша шеберлік сағаттарын өткізу қажет.

Жаңа стандарт құзыреттілік тәсілдемеге негізделген, сәйкесінше, оқу бағдарламаларының құрылуы өзгертілді: біз мұғалімнің үйренгеніндей міндетті түрде меңгеруге тиісті материалдың белгілі бір көлемін емес, күтілетін нәтижелерді көздейміз. Бұл оқушының қабылдауының өзгеруін, оқытудағы авторитарлықтан ынтымақтастыққа көшуді білдіреді.

Бүгінгі мектеп оқушылары – ұлттың зияткерлік әлеуеті және оларға еліміздің болашағы тәуелді. Жаһандық өзгерістер мен әлемдік үрдістер мектеп білімінің мазмұнын жаңартудың жедел қарқынын талап етеді.

2.2 Жаңартылған білім мазмұнындағы оқулықтар мен ОӘК-тің сапасына талдау жасау

1. Жаңартылған білім мазмұнындағы оқулықтар мен ОӘК-тің сапасына талдау жасау

Жаңартылған білім мазмұнына көшуге байланысты 2016-2017 оқу жылынан бастап 1-сынып оқушылары, 2017-2018 оқу жылынан бастап 2-сынып оқушылары, 2018-2019 оқу жылынан бастап 3-сынып оқушылары жаңартылған мазмұндағы оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендер (ОӘК) бойынша оқуда. Бастауыш мектепте білім беру деңгейінде базалық, яғни баламасыз оқулықтар пайдаланылады.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III «Білім туралы» Заңына (5-бап, 23-1-тармақшасы) сәйкес Білім және ғылым министрлігі бастауыш білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары үшін әрбір пән бойынша бірыңғай базалық оқулықты айқындайды және бекітеді.

Оқыту қазақ және орыс тілдерінде жүргізілетін мектептердің 3-сыныптарына арналған жаңартылған білім мазмұнындағы оқулықтар мен ОӘК бекітілгенге дейін 2017-2018 оқу жылында 30 пилоттық мектепте апробациядан өтті.

3-сыныпқа арналған базалық оқулықтар мен ОӘК «Оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, оқу құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электронды жеткізгіштегілердің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі міндетін атқарушысының 2013 жылғы 27 қыркүйектегі № 400 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» (бұдан әрі – Тізбе) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 3 мамырдағы № 192 бұйрығымен бекітілген (17-кесте).

17-кесте – Баспалар бөлінісінде 3-сыныпқа арналған оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендердің тізбесі

№	Баспа	Оқулық атауы	Оқулыққа ОӘК-нің атауы
1	Атамұра	Қазақ тілі. 1, 2-бөлім + CD (1, 2- бөлім)	- Оқыту әдістемесі. 1, 2-бөлім - № 1, 2, 3, 4 жұмыс дәптері - Диктанттар жинағы
		Әдебиеттік оқу. 1, 2-бөлім + CD (1, 2-бөлім)	- Оқыту әдістемесі. 1, 2-бөлім - № 1, 2 жұмыс дәптері - Хрестоматия
		Дүниетану	- Оқыту әдістемесі + CD - Оқушы дәптері

		Музыка	- Оқыту әдістемесі - Фонохрестоматия - Нота хрестоматиясы -
		Көркем еңбек	- Оқыту әдістемесі + CD - № 1, 2 жұмыс дәптері -
2	Алматыкітап	Русский язык. 1, 2 часть + CD	- Методическое руководство. Электронный вариант - Рабочая тетрадь № 1, 2
		Математика + CD 1, 2, 3, 4-бөлім	- Әдістемелік нұсқау + CD. Электронды нұсқа - № 1, 2, 3, 4 жұмыс дәптері
3	«НЗМ» ДББҰ	Жаратылыстану. 1, 2-бөлім	- Мұғалімге арналған нұсқаулық - Жұмыс дәптері. 1, 2-бөлім
4	Арман-ПВ	Ақпараттық- коммуникациялық технологиялар + CD	- Мұғалім кітабы - Жұмыс дәптері
5	Бөбек	Өзін-өзі тану	- Мұғалімге арналған әдістемелік құрал - Оқушы дәптері -
6	Экспресс Паблишинг (Express Publishing)	Қазақстанға арналған «Күлімдеу» (Smiles for Kazakhstan)	- Жұмыс дәптері - Мұғалім кітабы - Грамматика және сөздікпен қосымша жаттығулар - Мұғалімге арналған қосымша әдістемелік материалдар - Интерактивті тақтаға арналған диск - Оқушыға арналған электронды оқулық - Суреттер - Постерлер

Тізбеге алты баспаның оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 3-сыныпқа арналған 11 оқулығы және 31 оқу-әдістемелік кешені енген:

- Атамұра – 5 оқулық, 13 ОӘК;
- Алматыкітап – 2 оқулық, 4 ОӘК;
- «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ – 1 оқулық, 2 ОӘК;
- Арман-ПВ – 1 оқулық, 2 ОӘК;
- Бөбек – 1 оқулық, 2 ОӘК;
- Экспресс Паблишинг (Express Publishing) – 1 оқулық, 8 ОӘК.

3-сыныптарға арналған оқулықтар мен ОӘК-тің саны баспалар бойынша 4-5-суреттерде көрсетілген.



4-сурет – Баспалар бойынша оқулықтар саны



5-сурет – Баспалар бойынша оқу-әдістемелік кешендер саны

Кейбір басылымдар ыңғайлы болу және салмағын азайту үшін оқулықтар мен ОӘК-ті тоқсандарға және жартыжылдықтарға бөліп, 2 немесе 4 бөліммен шығарған.

2018-2019 оқу жылында жаңартылған білім мазмұны аясында 3-сыныптан бастап «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» оқу пәні енгізілді. Бұл пән бойынша базалық оқулық ретінде «Арман-ПВ» баспасының оқулығы ұсынылған.

Жалпы оқыту қазақ тіліндегі 3-сыныпқа арналған оқу-әдістемелік кешен (ОӘК) жұмыс дәптерінен, мұғалімдерге арналған әдістемелік нұсқаулықтан және CD-дискілерден тұрады.

«Атамұра» баспасының «Қазақ тілі», «Әдебиеттік оқу» оқулықтарына және «Дүниетану», «Көркем еңбек» оқыту әдістемелеріне, «Алматыкітап»

баспасының «Русский язык», «Математика» оқулықтарына, «Математика» әдістемелік нұсқауына, «Арман-ПВ» баспасының «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» оқулығына әртүрлі оқу-әдістемелік материалдары бар CD дискілер қоса берілген.

Тек қана «Алматыкітап» баспасының «Русский язык», «Математика» әдістемелік нұсқауларының электронды нұсқалары берілген.

Көрсетілген ОӘК-пен қатар «Экспресс Паблшинг (Express Publishing)» баспасының «Қазақстан үшін «Күлімдеу» (Smiles for Kazakhstan) оқулығымен бірге грамматика мен сөздіктер бойынша қосымша жаттығулар, мұғалімге арналған қосымша әдістемелік материалдар (аудиодискілер, бейнедискілер, қосымша материалдары бар диск), интерактивті тақтаға арналған диск, оқушыға арналған электрондық оқулық, суреттер салынған карточкалар, постерлер, «Атамұра» баспасының «Қазақ тілі» оқулығына диктанттар жинағы, «Әдебиеттік оқу» оқулығына хрестоматия, «Музыка» оқулығына фонохрестоматия, ноталық хрестоматия қоса берілген.

Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптар үшін негізгі орта білім берудің (жаңартылған мазмұнының) үлгілік оқу жоспарына сәйкес 2018 жылы **6-сыныптарда 13** пән оқытылады. Тізбеге сәйкес баспаларға қатысты оқулықтар тізімі 18-кестеде көрсетілген.

18-кесте – 6-сыныпқа арналған жаңартылған білім мазмұнындағы оқулықтар тізімі

№	Оқулық атауы	Атамұра	Мектеп	Арман-ПВ	Жазушы	Көкжиек-Горизонт	Білім	Келешек-2030	Қазақ энциклопедиясы	Бөбек	Алматыкітап	Кембридж университетінің баспа үйі (Cambridge University Press) 2018	Жалпы саны
1	Қазақ тілі. Оқулық + CD	1	1	1									3
2	Қазақ әдебиеті. Оқулық + CD	1	1	1	1								4
3	Русский язык и литература. Учебник. 1, 2 часть	1		1		1	1						4
4	Шетел тілі											1	1
5	Математика	1	1										2
6	Информатика	1		1									2
7	Жаратылыстану	1	1							1			3
8	Қазақстан тарихы	1	1										2
9	Дүниежүзі тарихы	1	1										2

10	Өзін-өзі тану									1				1
11	Музыка								1					1
12	Көркем еңбек. Оқулық + CD (қыз балаларға арналған нұсқа)							1						1
	Көркем еңбек. Оқулық + CD (ұл балаларға арналған нұсқа)							1						1
		8	6	4	1	1	1	2	1	1	1	1	1	

18-кестеден «Қазақ тілі» оқулығын «Атамұра», «Арман – ПВ», «Мектеп», яғни 3 баспа, «Қазақ әдебиеті» оқулығы - «Атамұра», «Мектеп», «Арман – ПВ», «Жазушы» баспалары, «Орыс тілі мен әдебиеті» оқулығын «Атамұра», «Арман – ПВ», «Көкжиек-Горизонт», «Білім» баспалары әзірлеген. «Ағылшын тілі» оқулығын «Кембридж университетінің баспа үйі» (Cambridge University Press), «Математика», «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы» оқулықтарын «Атамұра», «Мектеп» баспалары, «Информатика» оқулығын - «Атамұра», «Арман - ПВ», «Жаратылыстану» оқулығын - «Атамұра», «Мектеп», «Алматыкітап», «Өзін-өзі тану» - «Бөбек», «Музыка» - «Қазақ энциклопедиясы», «Көркем еңбек» - «Келешек 2030» баспалары әзірлегенін көреміз.

Тізбеге сәйкес 6-сыныптарға арналған оқулықтар саны мен баспалар тізімі 6-суретте көрсетілген.



6-сурет. 6-сыныпқа арналған оқулықтарды әзірлеудегі баспалар үлесі

6-суреттен 6-сыныпқа арналған оқулықтарды ең көп әзірлеген «Атамұра», «Мектеп» және «Арман-ПВ» баспалары екенін байқаймыз.

Тізбеге сәйкес баспаларға қатысты ОӘК тізімі 19-кестеде көрсетілген.


19-кесте – 8-сыныпқа арналған жаңартылған білім мазмұнындағы ОӘК тізімі

№	ОӘК-тің атауы	Атамұра	Мектеп	Арман-ПВ	Жазушы	Көкжиек-Горизонт	Білім	Келешек-2030	Қазақ энциклопедиясы	Бәбек	Алматыкітап
1	Қазақ тілі. Оқыту әдістемесі	1									
2	Қазақ тілі. Әдістемелік нұсқау		1								
3	Қазақ тілі. Мұғалім кітабы			1							
4	Қазақ тілі. Дидактикалық материалдар			1							
5	Қазақ тілі. Диктанттар мен мазмұндамалар жинағы			1							
5	Қазақ әдебиеті. Оқыту әдістемесі	1									
6	Қазақ әдебиеті. Хрестоматия	1	1	1	1						
7	Қазақ әдебиеті. Әдістемелік нұсқау	1	1								1
8	Қазақ әдебиеті. Мұғалім кітабы			1	1						
9	Русский язык и литература. Методическое руководство	1				1					
10	Русский язык и литература. Хрестоматия	1				1					
11	Русский язык и литература. Книга для учителя			1			1				
12	Русский язык и литература. Дидактические материалы			1							
13	Русский язык и литература. Рабочая тетрадь № 1, 2					1	1				
14	Математика. Оқыту әдістемесі	1									
15	Математика. Олимпиадаға дайындық есептер жинағы (5-6-сыныптар)	1									
16	Математика. Әдістемелік нұсқау + CD		1								
17	Математика. Дидактикалық материалдар		1								
18	Математика. Есептер жинағы		1								
19	Информатика. Оқыту әдістемесі	1									
20	Информатика. Мұғалім кітабы			1							
21	Қазақстан тарихы. Оқыту әдістемесі	1									
22	Қазақстан тарихы. Дидактикалық материалдар	1									
23	Дүниежүзі тарихы. Оқыту әдістемесі	1									
24	Дүниежүзі тарихы. Хрестоматия	1	1								
25	Дүниежүзі тарихы. Әдістемелік нұсқау		1								
26	Жаратылыстану. Оқыту әдістемесі	1									
27	Жаратылыстану. Әдістемелік нұсқау		1								

28	Жаратылыстану. Электронды нұсқа	Әдістемелік құрал.											1
29	Өзін-өзі тану. Әдістемелік құрал.	Мұғалімге арналған											1
30	Көркем еңбек (қыз балаларға арналған нұсқа)	Әдістемелік нұсқау.								1			
31	Көркем еңбек. Көрнекі құралдар топтамасы (қыз балаларға арналған нұсқа)									1			
32	Көркем еңбек (ұл балаларға арналған нұсқа)	Әдістемелік нұсқау								1			
			14	9	8	2	3	2	3	0	1	2	

19-кестеде көрсетілгендей, 6-сыныптарда «Қазақ тілі» оқулығына қосымша құралдар ретінде «Қазақ тілінің оқыту әдістемесі», «Әдістемелік нұсқау», «Мұғалім кітабы», «Дидактикалық материалдар», «Диктанттар мен мазмұндамалар жинағы»; «Қазақ әдебиеті» пәнінен «Оқыту әдістемесі», «Хрестоматия», «Әдістемелік нұсқау», «Мұғалім кітабы»; «Орыс тілі мен әдебиеті» пәнінен «Методическое руководство», «Хрестоматия», «Книга для учителя», «Дидактические материалы», «Рабочая тетрадь №1, 2»; «Математика» оқулығына «Оқыту әдістемесі», «Олимпиадаға дайындық есептер жинағы (5-6-сыныптар)», «Әдістемелік нұсқау + CD», «Дидактикалық материалдар», «Есептер жинағы», «Информатика» пәні «Оқыту әдістемесі», «Мұғалім кітабы», «Қазақстан тарихы» пәні бойынша «Оқыту әдістемесі», «Дидактикалық материалдар», «Дүниежүзі тарихы» пәнінен «Оқыту әдістемесі», «Хрестоматия», «Әдістемелік нұсқау», «Жаратылыстану» оқулығының «Оқыту әдістемесі», «Әдістемелік құрал», «Өзін-өзі тану» пәні бойынша «Мұғалімге арналған әдістемелік құрал», «Көркем еңбек» оқулығына «Әдістемелік нұсқау», «Көрнекі құралдар топтамасы» әзірленген.

Тізбеге сәйкес 6-сыныптарға арналған оқулықтар саны мен баспалар тізімі 7-суретте көрсетілген.



7-сурет. 6-сыныпқа арналған ОӘК әзірлеудегі баспалар үлесі

7-суреттен 6-сыныпқа арналған ОӘК-ті ең көп әзірлеген «Атамұра», «Мектеп» және «Арман-ПВ» баспалары екенін аңғаруға болады.

Тізбеге сәйкес оқулықтар тізімі баспаларға қатысты 20-кестеде

көрсетілген.

20-кесте – 8-сыныпқа арналған жаңартылған білім мазмұнындағы оқулықтар тізімі

№	Оқулықтар	Саны	Атамұра	Мектеп	Арман-ПВ	Алматыкітап	Келешек-2030	Жазушы	Көкжиек-Горизонт	Бөбек	Cambridge University Press	Express Publishing	Macmillan Publishers	Oxford University Press
1	Қазақ тілі	3	+	+	+									
2	Қазақ әдебиеті	4	+	+	+			+						
3	Русский язык и литература	3	+		+				+					
4	Ағылшын тілі	4									+	+	+	+
5	Алгебра	3	+	+			+							
6	Геометрия	3	+	+			+							
7	Информатика	3	+		+	+								
8	Физика	3	+	+	+									
9	Химия	2	+	+										
10	Биология	1	+											
11	География	2		+		+								
12	Қазақстан тарихы	2	+	+										
13	Дүниежүзі тарихы	1		+										
14	Өзін-өзі тану	1								+				
15	Көркем еңбек	2					+							

Тізбеде 8-сыныпқа арналған 16 пән бойынша еліміздің 8 баспасынан 33 альтернативті оқулық және шетелдік 4 баспадан ағылшын тілі пәнінен 6 оқулық ұсынылған.

Жалпы 8-сынып оқушыларына арналған оқулықтар тізімі:

1) Қазақ тілі пәнінен 3 оқулық:

1. «Атамұра» баспасынан 2018 жылы басылып шыққан «Қазақ тілі» оқулығының авторлары: Б. Әрінова, Қ. Молдасан, А. Байшағырова;
2. «Мектеп» баспасынан 2018 жылы басылып шыққан «Қазақ тілі» оқулығының авторлары: Б. Қапалбек, А.Омарова, Г.Закиряева, Г.Абнасарова;
3. «Арман-ПВ» баспасынан 2018 жылы басылып шыққан «Қазақ тілі» оқулығының авторлары: Т. Ермекова, Ш. Ерхожина, А. Токбаева;

2) Қазақ әдебиеті пәнінен 4 оқулық:


4. «Атамұра» баспасынан 2018 жылы басылып шыққан «Қазақ әдебиеті» оқулығының авторлары: А. Ақтанова, А. Жүндібаева, Л. Жүмекенова;
 5. «Мектеп» баспасынан 2018 жылы басылып шыққан «Қазақ әдебиеті» оқулығының авторлары: С. Дәрібаев, Г. Орда, А. Сатылова;
 6. «Арман-ПВ» баспасынан 2018 жылы басылып шыққан «Қазақ әдебиеті» оқулығының авторлары: Р.Зайкенова, С.Тұрсынғалиева;
 7. «Жазушы» баспасынан 2018 жылы басылып шыққан «Қазақ әдебиеті» оқулығының авторлары: С. Қасқабасов, Р. Әлмұханова, Е. Раушанов, Қ. Қайырбай;
- 3) Русский язык и литература пәнінен 3 оқулық:
8. «Атамұра» баспасынан 2018 жылы басылып шыққан «Русский язык и литература» оқулығының авторлары: Жанпейс У., Озекбаева Н., Даркембаева Р., Атембаева Г;
 9. «Арман-ПВ» баспасынан 2018 жылы басылып шыққан «Русский язык и литература» оқулығының авторлары: Исмагулова Б., Саметова Ф;
 10. «Көкжиек-Горизонт» баспасынан 2018 жылы басылып шыққан «Қазақ тілі» оқулығының авторлары: Кабдулова К., Аульбекова Г;
- 4) Ағылшын тілі пәнінен 4 оқулық:
- 11.«Cambridge University Press» баспасынан 2018 жылы басылып шыққан «Eyes Open 4 for Kazakhstan. Student`s book» оқулығының авторлары: Бэн Голдстайн, Сери Джонс, Викки Андерсон, Лаура Маккензи, Лиз Килби;
 - 12.«Express Publishing» баспасынан 2018 жылы басылып шыққан «Excel for Kazakhstan. Student`s book» оқулығының авторлары: Вирджиния Эванс, Дженни Дули, Боб Оби;
 - 13.«Macmillan Publishers» баспасынан 2018 жылы басылып шыққан «Laser B1 for Kazakhstan. Student`s Book» оқулығының авторлары: Малколм Манн, Стив Тейлор-Ноулс;
2016-2017 жж. ресми деректер бойынша 1, 2, 5, 7-сыныптарда сабақ беретін 152,5 мың мұғалім немесе педагогтің жалпы санының (304 098) 50%-ы оқытылды. 2018 жылы жаңартылған білім мазмұнына көшкен 3, 6, 8-

сыныптарда жұмыс жасайтын 77 619 (25,5%) мұғалім оқытылды. Жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламасы бойынша курстармен қамту соңғы үш жылда 75%-ды құрады (2016-2018 жж.). Сонымен қатар, мониторинг қорытындысы қысқа мерзімді біліктілікті арттыру курстарынан өткен мұғалімдерге әдістемелік көмек қажеттігін көрсетті.

Мектептен ақпарат жинау негізінде оқыту сапасының төмендеуіне әсер ететін келесі проблемалық тұстар анықталды:

- мұғалімдердің оқу жылы кезінде біліктілікті арттыру курстарына ұзақ уақытқа кетуі;

- пән мұғалімдерінің сабақ беру тәжірибесін жақсарту үшін қысқа мерзімді курстардан өтуінің жеткіліксіздігі;

- педагог кадрлардың жетіспеушілігіне байланысты мұғалімдер жүктемесінің шамадан тыс көлемі (әсіресе ауылдық жерлерде);

- жергілікті жерлерде білікті кадрлардың болмауы;

- жиынтық жұмыстарды жүргізу ережелерін бұзу;

- қалыптастырушы бағалау барысында білім алушылардың үлгерімін жақсарту бойынша конструктивті ұсыныстардың болмауы.

Сонымен, білім алушылардың білім сапасына жергілікті жерлердегі нақты жағдайларға байланысты әртүрлі факторлар әсер ететінін атап өтуге болады:

- педагогикалық кадрлардың сапалық құрамы;

- кадрлық құрамның тұрақтамауы;

- оқушылар контингентінің қозғалысы;

- педагогтерге қажетті әдістемелік көмек көрсету;

- жүйелік бақылаудың болмауы;

- мектептің материалдық базасы және т.б.

Сондықтан педагогтердің оқыту практикасын жақсарту үшін келесі әдістемелік ұсыныстарды ұсынамыз.

1. Сабақта топтық жұмысты ұйымдастыру және өткізу бойынша ұсынымдар.

«Сабақта топтық жұмысты қалай дұрыс ұйымдастыру керек?» Мониторинг жүргізу барысында бұл мәселені мұғалімдермен әр кездесуде талқылау керек болды. Себебі, көп жағдайда балалар 40 минут бойы топпен отыратындай етіп парталар алдын ала топтастырылып қойылған. Парталардың осылай қойылуы балалардың топтық оқу іс-әрекетіне қосылуына кедергі келтіріп, бір-бірінен алыстатады. Сондай-ақ, сынып кеңістігі мұғалімге, оқушыларға сынып ішінде еркін қозғалуына мүмкіндік бермеді. Топтық жұмыс әртүрлі сабақтарда 5-тен 10 минут уақытқа дейін ғана созылды. Кейбір жағдайларда балалар топтарға бөлініп отырғанымен, сабақта фронтальды және жеке сұрау әдісі ғана қолданылды.

Сабаққа қатысу барысында сыныптағы топтық жұмысты ұйымдастыру келесі критерийлер бойынша бағаланды:

1. Оқытудың топтық және жұптық түрлерін қолданудың ұтымдылығы.

2. Міндеттерді қою және топтарға берілетін тапсырмаларды құрастыру сапасы.

3. Топтарда жұмысты ұйымдастыру деңгейі.

4. Оқушылардың топтық жұмысын бағалау сапасы.

Өте төмен балдар 6, 8-сыныптардағы сабақтардың қорытындысы бойынша қойылды. Мұнда қандай да бір пәндерді бөлек бөліп көрсетуге болмайды. Жалпы, 6, 8-сыныптарда сабақ беретін барлық мұғалім өз сабақтарында жаңа тәсілдерді әлі де сенімді және дұрыс қолдана алмайды.

Сондықтан сыныпта топтық жұмысты тиімді және нәтижелі ұйымдастыру үшін:

- сыныптағы парталардың орнын ауыстырмай, балаларды бір-біріне бұрылып отырып, 4 адамнан бірігуге үйрету;

- топтық жұмыс ережелеріне әр қатысушының жауапкершілігін қосу, яғни әр оқушы өз үлесін қосуы қажет;

- сабақта білім алушылардың топтық іс-әрекетінің нәтижесі бірыңғай өнім (постер, макет, жоба, презентациялар және т.б. әзірлеу) жасау болып табылады;

- топтық жұмысқа арналған тапсырма оқу міндетіне сәйкес болуы және сабақтың мақсатына жетуге ықпал етуі тиіс;

- 10 минуттан артық емес уақыт ішінде орындауға алдын ала ойластырылған тапсырмаларды таңдау ұсынылады.

Сабақтың мақсаты нәтижеге бағытталуы және ол жоспарланған уақыт ішінде орындалуы тиіс. Мұғалімдерге сабақта тапсырмаларды орындаудың уақыт шеңберін нақтылау және оларды қатаң ұстану ұсынылады. Уақытты жоспарлау – сабақтың мақсатын табысты іске асырудың дайындық кезеңі. Сабаққа өзіндік талдау (рефлексия) жасау міндетті.

2. Мұғалімдердің жұмысын тиімді ұйымдастыру және оқу процесінің педагогикалық жағдайлары бойынша ұсынымдар.

Педагогикалық кеңесте, дирекция отырысында, әдістемелік бірлестік отырысында мәселелерді талқылау қорытындысы бойынша тез шешуді талап ететін нақты проблемаларды анықтау қажет. Мысалы, алдыңғы уақытта болатын коучинг тақырыптарын анықтау. Коучингтерді өткізу үшін мұғалімдерге оқу міндеттерін шешуге, сабақтың мақсатына жетуге көмектесетін аясы өте тар, нақты тақырыптар алу керек. Коучингте мұғалімнің белгілі бір дағдыларға үйренуі және оларды сабақтарында өз бетінше қолдануы маңызды. Мұндай жұмыс түрлері оқу процесін ұйымдастыру және өткізу бойынша іс-әрекетті одан әрі дұрыс жоспарлау үшін маңызды болып табылады.

Өткізілген талдау білім алушылардың білім сапасын арттыру үшін оқу процесін тиімді ұйымдастырудың келесі педагогикалық шарттарын айқындауға мүмкіндік береді:

- проблемаларды уақытында анықтау;

- білім алушылардың қызығушылықтарына диагностикасы;
- нақты, сапалы жұмыс жоспарларын әзірлеуге мүмкіндік бермейтін себептерді жою;
- білім алушылардың тиісті құндылық түсініктерін дамыту;
- шешімдерді іздеу, оларды қабылдау және оларды жүзеге асыру үшін болып жатқан оқиғаларды дүниетанымдық бағалау мақсатында тұлғаның құндылықтық бағдарын дамыту.

Менторинг процесінің дұрыс қабылданбауы байқалады. Менторинг – бұл тәлімгер ретінде кәсіби даму саласында басқа педагогке көмектесетін тәжірибелі педагог болатын процесс. Менторингте тәлімгер көмек беруді өзі қалайтын мұғалімге көмектесетінін түсіну керек.

Менторлықтан айырмашылығы тәлімгерлер тағайындайды және жеке үлгі ретінде кәсіби білім мен дағдыларды беру мақсатында өз тәжірибесін көрсетеді. Менторингте мұндай принцип қолданылмайды. Мектептерде жақсы менторлар өз тәжірибесімен бөліседі, бірақ өз әдістемесін таңдауға міндеттемейді. Олар ментиге (мұғалімге) жеке әдістемесін жасауға көмектеседі, ментор мен менти арасындағы жұмыс пікірталастарының құпиялылығын сақтайды. Қажетті кәсіби көмектің ұзақтығын олар өзара келісім бойынша анықтайды.

Менторинг процесінің міндеті ментиді өз бетінше және өзіне тапсырылған кәсіби тапсырмаларды толық жауапкершілікпен іске асыра алатын деңгейге жеткізу болып табылады.

Мектепте менторингтің түрлі формаларын қолдану ұсынылады:

- кәсіби әңгімелер;
- бірлесіп жоспарлау;
- сабақты бақылау;
- бейнежазбалар арқылы сабақтарды талқылау.

Фокус топтарды өткізу барысында мұғалімдердің сөздерінен lesson study процесін дұрыс түсінбейтіндері байқалды. Мысалы, сабақты зерттеу жоспарланып отыр, бірақ іс жүзінде сабақтың кемшіліктері талқыланды.

Сабақты зерттеу кеңірек құрылады. Мұғалімдер тобы оқытумен байланысты белгілі бір мәселені шешу мақсатында бірлескен сабақ жоспарлайды. Олар мақсаттар қояды, өлшенетін сипаттамаларды құрастырады, фокус топты анықтайды, сосын бір мұғалім сабақ өткізеді. Сабақ қорытындысын талқылағаннан кейін топ сол мәселені шешуге бағытталады, бірақ мақсаттардың түзетілуімен екінші сабақты жоспарлайды. Әдетте сабақты зерттеу 3-4 сабаққа жалғасады. Бұл тәсіл келесі міндеттерді шешеді:

- командада жұмыс істей білу пысықталады;
- әріптестерінің бір-біріне деген сыйластық қарым-қатынасы нығаяды;
- өзара тәжірибе алмасу жүзеге асырылады;
- мақсат қоюшылық сақталады;
- диагностика жасау, нәтижелерді болжау біліктері қалыптасады;
- қателіктерді қысқартуға мүмкіндік беріледі;
- нашар білім алушылармен жұмыс істеуді үйренеді;

- оқыту тәжірибесін жақсартуға кедергі келтіретін өз олқылықтарын көреді.

Нәтижесінде мұғалім сабақ барысын емес, сабақта оқитындардың іс-әрекетін жоспарлау керек екенін түсінеді, оның мотивациясы мен оқуға деген қызығушылығын арттыра отырып, әрбір оқушыны көреді. Мұнда барлық мектептерге бірдей сай келетін әмбебап жауап болмайды, сондықтан сабақты зерттеуді ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік нұсқаулықты зерделеу қажет. Содан кейін ғана lesson study жоспарлаған жөн.

3. Сабақта қалыптастырушы бағалауды өткізу бойынша ұсынымдар

Бүгінгі таңда білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың жана тәсілдемесіне қажеттілік туындады, өйткені ойлаудың заманауи стилі дәлелді диалог жүргізе алуды, өз пайымын қорғауды, шешім қабылдау білігін, ғылыми дүниетанымға сенімділікті, білім мен ғылымды дамытуда адами өркениеттің басты мақсаттарын түсінуді және ұмтылысын талап етеді.

Сонымен қатар, балалардың өздері де ұйымдастыру, сабақ өткізу және әр түрлі іс-шаралар процесінің белсенді қатысушылары болып табылғанда, олардың жалпы іске қатыстылығы күшті дамиды және тиісінше өзіне көбірек жауапкершілік алады.

Мониторинг барысында фокус топтарды өткізу кезінде «сабақта сіздің оқу жетістіктеріңізді қалай бағалайды?», «мұғалім берген кері байланыс арқылы оқуыңды жақсартасың ба? қалайша?» деген сұрақтарға балалар: «мұғалімдер сабақта біздің жетістіктерімізді смайликтермен, «үлкен саусақпен», «бағдаршаммен» және «жарайсың», «өте жақсы», «ұмтыл» деген мөрлерді дәптерлеріне басып қою арқылы бағалайды» деп жауап берді.

Фокус топтарда балалармен әңгімелесудің көпшілігінде мұғалімнің сабақтарда қалыптастырушы бағалауды үстірт, формальды өткізетіндерін көрсетті, балалар сапалы кері байланыс алмайтынын көрсетті. Сонымен қатар, қалыптастырушы бағалауды ұйымдастыру деңгейі өңірлерде сабақтарға қатысу барысында зерделенді, онда критерийлер бойынша мұғалімнің қалыптастырушы бағалауды өткізуі бағаланды.

Қалыптастырушы бағалауды ұйымдастыру және өткізу деңгейі келесі критерийлер бойынша бағаланды:

1. Сабақтағы формативті бағалау тиімді ме?

2. Білім алушыларды формативті бағалауды жүргізу кезінде бағалау критерийлерімен таныстырады ма?

3. Білім алушылар сыныптағы формативті бағалау принциптерін түсінеді ме?

Сабақтағы кері байланысты бақылау кезінде төмендегі критерийлер басшылыққа алынды:

1. Мұғалім білім алушылардың прогрестерін/жетістіктерін байқайды және түсініктеме береді.

2. Білім алушылар оқу процесінде мұғалімнен кері байланыс алады (қандай түрде, оқытудың қай кезеңінде).

380-кесте – 3, 6, 8-сыныптарда өткізілген сабақтардың қорытындысы бойынша қалыптастырушы бағалауды ұйымдастыру және өткізу деңгейі (2 облыс бойынша)



Талдау қорытындысы 6, 8-сынып мұғалімдерінің сабақтарда қалыптастырушы бағалауды өткізу сапасының төмен рейтингісін көрсетті. Ең жоғарғы 3 балдың деңгейін тек 3-сынып мұғалімдері ғана көрсетті.

Қалыптастырушы бағалау оқушыларды оқытуға жеке тұлғаға бағытталған тәсілдеменің құрамдас бөлігі болып табылады. Осыған байланысты мұғалімнің рөлі өзгереді. Жеке тұлғаға бағытталған технологиялар субъектілер арасындағы ынтымақтастық негізінде оқу процесін ұйымдастыруды жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Мұғалім мен оқушының өзара әрекеттесуі үзілмейді, одан да ынталандыра түседі. Бағалау үздіксіз жүзеге асырылады, сапалы нәтижеге қарай қозғалыс процесінің өзі бағаланады. Балалар өз кемшіліктері мен олқылықтарын өздігінен және саналы түрде анықтайды және мұғаліммен бірге оларды жою бойынша жұмыс істейді. Бақылаудың бір бөлігі өзін-өзі бақылауға және өзін-өзі бағалауға айнала отырып, оқушыға ауысады [1].

Қалыптастырушы бағалау оқу процесіне өзгерістер енгізу мақсатында жүргізіледі, сәйкесінше, оқушыларға өз прогресін сезінуге және қадағалауға мүмкіндік береді. Сондықтан мұғалімдерге білім алушыларға үлгерімін жақсарту үшін конструктивті ұсыныстар беру ұсынылады. Бұл оқушының қасында болу және оны табысқа жеткізу дегенді білдіреді. Бұл – оқушының білімін бақылаудың мақсатты үздіксіз процесі. Ол бағасыз бағалау болып табылады, критерийлерге сәйкес бағалауға негізделеді және кері байланыстың болуын қажет етеді [2].

Қалыптастырушы бағалауды жүргізу кезінде балаларға өзінің күшті және әлсіз жақтарын бағалауға, тиімді кері байланыс арқылы кейінгі қадамдарын түзетуге, іс-әрекетке деген мотивациясы мен қажеттілік деңгейін арттыруға мүмкіндік беру ұсынылады.

Сапалы оқыту нәтижесін алу үшін стратегияны мақсатты пайдалану ұсынылады. Сабақта қалыптастырушы бағалау аралық қорытынды жасау қажет болған кезде жаңа материалдың белгілі бір көлемін өткеннен кейін қолданылады.

Мысал ретінде мұғалімге балаларды оқытуды жақсарту үшін конструктивті ұсыныстар жасауға көмектесетін қалыптастырушы бағалау техникасының кейбір түрлерін келтіреміз:

381-кесте. Қалыптастырушы бағалау техникасының үлгілері

Р/н	ҚБ техникасы	ҚБ жұмыстарының мазмұны
1	«Сөзбен бағалау»	Сабактың әрбір кезеңінде тиімді болатын мұғалім мен оқушының арасындағы ауызша кері байланыс
2	«Қолмен сигнал беру»	Мұғалім түсіндіруді тоқтатады да оқушылардан материалды түсінгенін не түсінбегенін білдіретін қолмен сигнал беруді сұрайды
3	«20 секунд»техникасы	Мұғалім тірек сұрақ қояды да оған кем дегенде 20 секунд ойлануға уақыт береді. Орта және жоғары сыныптардың білім алушылары талқылау кезінде бір-бірінің ойлау процестеріне шек қоймау үшін өз жауаптарын (жекелеген сөздер, идеялар) қысқаша жазуды мақсатты түрде сұрайды
4	«Үшминуттық эссе»	Мұғалім тақырып бойынша ұсынылған сұрақтардың бірін жазып алады немесе айтады
5	Жинақтауға не сұрақтарға арналған карточкалар индексі	Мұғалім оқушыларға екі жағында да тапсырмалары бар карточкаларды арасында таратып отырады: <i>1-жағы:</i> Өтілген материалдың (бөлімнің, тақырыптың) негізгі идеяларын атап беріңіз және оларды жинақтаңыз. <i>2-жағы:</i> Өткен материалды (бөлімді, тақырыптарды) түсінбегеніңізді анықтаңыз және өз сұрақтарыңызды құрастырыңыз.
6	Бағдаршам	Әр оқушыда бағдаршамның үш түрлі түсі бар карточкалар болады. Мұғалім білім алушылардан, олардың материалды түсінгенін не түсінбегенін білдіретін сигналдары бар карточкаларды көрсетуін, содан кейін оқушылардан сұрақтарға жауап беруді сұрайды. Сондай-ақ түрлі түсті сигналдардың көмегімен үй тапсырмаларының орындалуын бағалауға болады: жасыл – мен білемін, сары – маған қиындық тудырады, қызыл – көмекті қажет етемін

7	Жеке әңгімелесу	Мұғалім оқушылардың түсіну деңгейлерін тексеру үшін олармен жеке әңгімелеседі
8	Үшминуттық үзіліс	Мұғалім оқушыларға сабақты түсінуге, идесын ойластыруға, өткен материалмен, біліммен және тәжірибемен байланыстыруға, сондай-ақ түсініксіз сәттерді анықтауға мүмкіндік беретін үшминуттық үзіліс береді
9	«Аяқталмаған сөйлем» (рефлексия кезеңінде қолдану ұсынылады)	Оқушылар сөйлемді аяқтауы тиіс, мысалы, <i>Сабақта мен үшін маңызды және қызықты болды...</i> <i>Бүгін сабақта мен ... түсіндім</i> <i>... білгім келеді</i>
10	Шағын тест	Шағын тестілер оқушылардың нақты білімдерін, іскерліктері мен дағдыларын, яғни нақты ақпаратты, белгілі бір материалды білуін бағалауға арналған
11	Элективті (таңдау) тест	Мұғалім әр оқушыға «А, В, С, D» әріптері бар карточкаларды таратады, оқушылардан бір мезетте жауап беруді, яғни дұрыс жауабы бар карточканы көтеруді сұрайды. Мұғалім міндетті түрде оқушыларға 20 секунд ойлануға уақыт беруі тиіс және содан кейін жауап беруді ұсынады. Мұғалім оқушылармен жауаптардың түрлі нұсқаларын талқылайды және өз таңдауларын түсіндіріп берулерін сұрайды. Жауаптар оқушылардың оқыған тақырыптарын түсіну деңгейі мен сапасын анықтауға және жұмысты жалғастыру не тақырыпты түсіндіру (түсіну) және т.б. туралы шешім қабылдауға көмектеседі
12	Қалыптастырушы тест	Мұғалім оқушыларды өз еркінше шағын топтарға (топта 4-5 оқушыдан) бөледі. Әр оқушы тест сұрақтары бар және жауаптарға арналған парақтарды алады. Оқушыларға шағын топтарда тест сұрақтарын талқылауға уақыт беріледі. Талқылаудан кейін оқушылар жауаптар парағын өз бетінше толтырады. Әр оқушының балы жеке есептеледі. Оқушыларға, олардың топ мүшелерімен келіспеуі мүмкін екендігі, олар дұрыс деп

		есептейтін жауапты белгілеуі керектігі туралы ескерту қажет
13	Өзің-өзі бағалау күнделіктері/ журналдары	Өзін-өзі бағалау күнделіктері/ журналдары мұғалім мен оқушы сабақ бойында алған білімдерін, іскерліктері мен дағдыларын, біліктіліктерін, сондай-ақ сол білімді, іскерліктер мен дағдыларды және олардың көлемін қандай тәсілмен меңгергенін бағалауы үшін жасалады. Күнделіктер мұғалімге оқушының ілгерілеу деңгейі туралы ұғымға ие болуға және білім беру процесін жақсарту үшін тиісті қадамдар жасауына көмек береді
14	Сиқырлы сызықтар	Оқушылар дәптерлерінің шетіне шкала сызады және олардың ойынша, тапсырманың қандай деңгейде орындалғанын крестпен белгілейді. Тексеру кезінде мұғалім, егер оқушының бағалауымен келісетін болса, крестіні қоршайды, ал егер келіспесе, өзінің крест таңбасын төменгі не жоғары жағына қояды.
15	Шағын саты	Оқушылар сатының баспалдақтарына сабақ материалын қалай меңгергенін белгілейді: төменгі баспалдық–түсінбедім, екінші баспалдақ –аздаған көмек не түзету қажет, жоғарғы баспалдақ – материалды жақсы меңгерді және жұмысты өз бетінше орындай алады
16	Жаңа материалды меңгергенін тексеруге арналған жаттығу	Мұғалім: «Алдын ала болжау», «Түсіндіру», «Жинақтау» және «Бағалау» деген жазулары бар төрт терезеден (шаршыдан) тұратын кесте жасайды. Жаңа материалды түсіндіргеннен кейін ол оқушылардан белгілі бір шаршыны таңдауды сұрайды. Сонымен қатар мұғалім зерттейтін тақырыбы бойынша әр оқушыға, орындау қажет болатын тапсырма түрін таңдауларын түсіндіреді. Содан кейін, шаршыны таңдауына қарай мұғалім сұрақ қояды
17	«Динамикалық шеңбер»	Оқушылар екі шеңбер жасайды: ішкі және сыртқы. Балалар бір-біріне қарап тұрады да өткен тақырып бойынша бір-біріне сұрақтар қояды. Сыртқы

		шеңбердегі оқушылар жылжып отырады да жаңа жұп құрады. Сұрақ қою жалғастырылып отырады.
18	Бір сөзбен жинақтау	Мұғалім оқушыларға: «Тақырыпты неғұрлым толық жинақтайтын сөзді таңдаңыздар» деген тапсырма береді
19	Жазбаша түсініктеме	Бағалаудың міндетті элементі – кері байланыс беру. Оқушылардың жазбаша жұмыстарын тексере отырып, мұғалім бағалау критерийлері мен нәтижеге жету деңгейлеріне сәйкес өз түсініктемесін жазады. Түсініктеме анық және оқытатындай сипатта жазылуы тиіс
20	Өзін-өзі бағалау	Білім алушылар өздерінің үйренгені туралы ақпарат жинайды, оны талдайды және ілгерілеуі туралы қорытынды жасайды
21	Бірін-бірі бағалау	Оқушылардың шығармашылық жұмыстарын, шығармаларды, эссені бағалау кезінде қолданылады. Мұғалім сыныптасының жұмысын тексеруді ұсынады. Оқушылар бір-бірінің жұмыстарына түсініктеме бергенде, олар жұмыстарды бағаламайды, екі оң сәтті – «екі жұлдыз» және жетілдіруді қажет ететін бір сәтті– «қалауын» анықтайды және көрсетеді
22	«Түйіндеме»	Оқушылар сабаққа, пәнге, мұғалімге деген қарым-қатынастарын анықтауға көмек беретін сұрақтар сериясына жазбаша жауап береді. Мұндай техниканы аптасына не айына бір рет қолдану ұсынылады. Үлгі ретінде кейбір сұрақтар: 1. Сабақта не ұнайды? 2. Сабақта не ұнамайды? 3. Пән бойынша бұдан да жақсы оқи аласың ба? 4. Жақсы оқуға не кедергі болады? 5. Он балдық жүйе бойынша мұғалімге белгі қой. Оны негізде
23	Жеке журнал	Қалыптастырушы бағалау техникасын қолдану кезінде мұғалімге шартты белгілердің, таңбалардың, түрлі түсті

		<p>белгілердің көмегімен оқушылардың жетістіктерін тіркеп отыратын өз журналын ашу ұсынылады. Олар мұғалімге әрбір нақты оқушыны және жалпы сыныпты оқытудағы проблемаларды анықтауға, оқыту мақсаттарына қатысты оқушының даму динамикасын қадағалауға, сондай-ақ жұмыс жоспарларын құруға көмектеседі. Шартты белгілер оқушының тегінің тұсына сабақ өткен күнге сәйкес торға қойылады. Нәтижесі тек қана белгіленіп қоймайды, білім алушылармен бірге талқыланады. Ақпарат мұғалім үшін де, оқушы үшін де маңызды, ондағы мақсат – оқыту және оқу процестеріне түзету енгізу</p>
24	«Бас бармақ»	<p>Білім алушылар материалды түсінгенін не түсінбегенін білдіру үшін қолмен сигнал береді. Ол үшін мұғалім алдын ала білім алушылармен сол сигналдар туралы келісіп алады:</p> <ul style="list-style-type: none"> - мен түсіндім және түсіндіре аламын(бас бармақты жоғары көтереді); - мен бәрін бірдей түсіне алмай отырмын (бас бармақ жанына қарай бағытталады); - мен сенімді емеспін (қолын бұлғайды).Сигналдарға қарап, мұғалім кейбір оқушыларға ойын айтуды ұсынады. Мұғалім де нақтылайтын сұрақтар қояды.
25	«Температураны өлшеу»	<p>Бұл әдіс оқушының тапсырманы қаншалықты дұрыс орындағанын анықтау үшін қолданылады. Бұл әрекет үшін оқушыларды тоқтатады да, мұғалім сұрақ қояды.</p>
26	«Білім пирамидасы»	<p>Мұғалім жаңа материалды түсіндіргеннен кейін оқушыларға сабақта өзінің білім, білік пирамидасын құруды, яғни сабақтың бұл кезеңінде олар нені білді және не жасай алады дегенді анықтау</p>
27	«Редакторлық кеңес»	<p>Шығармаларды редакциялау кезінде тақтаға критерийлер ілінеді. Барлық оқушылар «редакторлар»</p>

		<p>рөліне, ал тақтаға өз қалауымен шыққан оқушы «жазушы» рөліне енеді. «Редакторлар» табыс критерийлеріне сүйене отырып, жазбаша әңгімені мұқият тыңдайды, оқушының жұмысындағы жетістікті көрсетеді және шығарманың мазмұнын жақсартуда өз ұсынымдамаларын айтады. Бұл жағдайда тексерудің бұл түрі оқушыларға табысты оқуға көмек береді. Оқушы «редакторлардың» (оқушылардың) ұсынымдамаларын тыңдап болғаннан кейін ол өз орнына отырады және жұмысын түзетуге кіріседі.</p> <p>Оқушылар тақтаға өз қалауымен шығады. Кейбір оқушылар сыныптасының жұмысын жақсарту жөніндегі ұсыныстарды тыңдай отырып, өз жұмысын тексереді және ұқсас қателер мен кемшіліктерді тапса, түзетіп отырады</p>
28	«Шығармашылық ағашы»	<p>Балалардың ортақ себетінде әр апта сайын 5 данадан түрлі түсті қағаздан ата-аналарымен бірлесіп жасайтын жасыл және сары жапырақтар, гүлдер, жемістер жатады. Сабақ соңында балалар оларды ағашқа жапсырады: жемістер – жұмыс пайдалы, өнімді өтті; гүл – бәрі ойдағыдай болды, жұмыс жаман өткен жоқ; жасыл жапырақ – бәрі ойдағыдай емес, бірақ орындалды, мен де тырыстым; сары жапырақ – тапсырамны орындай алмадым, әлі де жұмыс жасау керек</p>

Оқу үшін бағалауды дұрыс өткізудің оң сәттерін атап өтсек, ол білім алушыларды БЖБ мен ТЖБ-ға жүйелі даярлауға алып келеді.

357-сурет. Білім алушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау кезеңдерінің бірізділігі



Сабақтарға қатысу барысында төмендегі кемшіліктер кездесті, оларды практикада түзету ұсынылады:

- түрлі құбылыстарды зерттеуде мұғалімдер фактілерді констатациялаумен шектеледі, бірақ ондай зерделеу тиімсіз;
- білім берудің логикалық бірізділігі сақталмайды;
- мұғалімдердің білім алушылардың сұрақтарына дайын еместігі.

Сабақта:

- оқу материалының жекелеген бөлімдері өзара тығыз байланысты бөлімдердің үздіксіз бірізділігін көрсететін сызықтық құрылымды;

- зерделенетін білімдерге қайтып оралуды жобалайтын концентрлік құрылымды сақтау. Бірдей сұрақ бірнеше рет қайталанады, оның мазмұны біртіндеп кеңейтіліп отырады, жаңа мәліметтермен, байланыстармен байытылады. Оқытудың бірінші баспалдағында қарапайым түсініктер беріледі, білімнің жинақталуына және танымдық мүмкіндіктердің артуына қарай олар тереңдетіледі және кеңейтіледі;

- оқыту мақсаттары мен онымен байланысы бар білім шеңбері біртіндеп кеңейтіліп және тереңдетіліп отыратын спиральды құрылымды сақтау ұсынылады.

Аталған құрылымдық түрлер жаңартылған білім мазмұнының педагогикалық тәсіліне сәйкес келеді, келісушілік ЖМБ, ҚГБ базалық пәндері сабақтарының, элективті курстардың, факультативтердің үйлесімділігіне ықпал етеді.

Білім алушылардың соңғы мақсатты көргені, алдағы оқытудың мазмұны туралы, оқыту мақсаттарын бұдан әрі қадағалау үшін толық ұғымдарының болуы маңызды. Сонда балаларға қалыптастырушы бағалаудың мәні түсінікті болады, әр сабақта іс-қимыл қадамдарының мәні түсіндіріледі.

4. БЖБ және ТЖБ өткізу бойынша әдістемелік ұсынымдар

БЖБ және ТЖБ өткізу жаңартылған білім мазмұнына көшумен байланысты біздің білім беру жүйемізге енді. Онда білім алушылардың оқу жетістіктері критериалды бағалау арқылы жүзеге асырылады.

БЖБ мен ТЖБ-ны дұрыс ұйымдастыру және өткізу үшін мұғалімге тікелей жауапкершілік жүктеледі, себебі мұғалім өз сабағын жоспарлайды. Бағалаудың жаңа жүйесі алдымен оқуда балалардың табысқа жетуі үшін көтермелеуге, білімдегі олқылықты анықтауға және олардың өсуіне ықпал етуге бағытталған, сол себептен білім алушылардың білім көрсеткіштерін басқалармен салыстыруға болмайды. Тек сол мектептің (сыныптың) және сол білім алушының нәтижелерімен салыстыру арқылы білім сапасындағы өзгерістердің динамикасын талдауға болады.

Бағалаудың жаңа жүйесі білім алушылардың өз іс-әрекетін бақылау мен бағалау қабілетін қалыптастыруға, туындаған қиындықтардың себептерін анықтауға және жоюға ықпалын тигізеді.

Білім алушының тұлғасы ғана емес, тек жұмысы ғана бағаланады; білім алушының жұмысы басқа оқушылардың жұмыстарымен емес, оларға алдын ала белгілі болған критерийлерге сәйкес салыстырылады.

Әр сабақта мұғалімге білім алушыға уақытылы қолдау көрсету, оқытуда олардың ілгерілеуін қамтамасыз ету, оқыту нәтижелері туралы ақпарат беру ұсынылады. Бағалаудың мұндай жүйесі балаларды табысты оқуға уәждеуге, білімдегі олқылықтарды анықтауға және БЖБ-ға дайындыққа бағытталған.

Критериалды бағалау жүйесі әр сыныпқа арналған пән бойынша оқу бағдарламасының мазмұны негізінде әртүрлі бағалау тәсілдері мен түрлерінен тұратынын және мұғалімді бақылау жұмыстарының, диктанттардың, эссенің құрылымын әзірлеуде, БЖБ және ТЖБ-ға арналған сұрақтар құрастыруда және оқу тапсырмаларын бөлуде ешқандай шек қоймайтынын ескеру маңызды.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» 2018 жылғы 14 маусымдағы №272 бұйрығына сәйкес педагогтер БЖБ және ТЖБ тапсырмаларын өз бетінше әзірлей алады.

Егер мұғалім БЖБ мен ТЖБ-ға арналған дайын тапсырмалар үлгілерін қолданатын болса, онда міндетті түрде әр сұрақтың өтілген материалдың тапсырмаларына сәйкестігін тексереді.

5. Білім алушылардың білім сапасын арттыру бойынша әдістемелік ұсынымдар

Мектепте білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында оқытуды ұйымдастыру түрлері мен әдістері өзгереді, оқу процесі спиральды жүйеде ұйымдастырылады, онда оқушының әр кез өз білімін кеңейтуге және тереңдетуге мүмкіндігі бар.

Қысқа мерзімді жоспар құрастыру кезінде мұғалім төмендегі ұсынымдарды басшылыққа ала алады:

– сабақты ұйымдастыру кезінде оқу бағдарламасында және оқу жоспарында көрсетілген мақсаттарды басшылыққа алу қажет;

- сабақ мақсатын (SMART принципі бойынша) құрастыруды нақтылау қажет, яғни нақты, өлшенген, қолжетімді мақсаттар қою;
- сабақта орта мерзімді жоспарға енгізілген іс-әрекеттің барлық түрлері ұйымдастырылған болуы тиіс;
- қажеттілігіне қарай, мұғалімнің өз қалауы бойынша іс-әрекет түрлерімен толықтыру қажет.

Бұл жағдайларда білім алушылардың білім сапасын арттыру үшін әр оқушының алғышарттары мен қабілеттерін анықтауға және барынша дамытуға жетелейтін тұлғаға бағытталған білім беруге негізделген оқытудың сараланған тәсілдері неғұрлым тиімдірек болып табылады.

Қазіргі уақытта оқытуды саралаудың бірнеше бағыттары белгілі болды:

- оқыту мақсаттары бойынша саралау;
- тапсырмаларды орындау деңгейлері бойынша саралау;
- ресурстар мен мәтіндер бойынша саралау;
- оқу мазмұны бойынша саралау;
- қарқыны бойынша саралау;
- оқу материалының құрылымы бойынша саралау;
- оқыту тәсілдері бойынша саралау;
- оқыту ортасы бойынша саралау;
- тапсырмаларды қолдану тәсілдері бойынша саралау;
- бағалау бойынша саралау.

Оқыту мақсаттары бойынша саралау мақсаттың оқушылардың барлығы, оқушылардың көпшілігі көрсетуі тиіс және кейбір оқушылар жететін нәтижелер оқытудан күтілетін нәтиже ретінде анықталуы болып табылады.

Тапсырмалар бойынша саралау біртіндеп күрделеніп отыратын және сабақтың барлық кезеңдерінде: жаңа материалды зерделеу, бекіту, қайталау кезінде және оқушылардың үй тапсырмаларын орындауы кезінде жүзеге асырылатын тарату материалдарын қолдануды қарастырады.

ФТ өткізу барысында «үй тапсырмасын орындау үшін саған қанша уақыт кетеді?» деген сұраққа балалардың орташа 30%-ы 15-тен 20 минут (барлық пән бойынша) деп жауап берді. Бұдан үй тапсырмасы барлығына бірдей берілетінін, саралаудың жоқтығын аңғаруға болады.

Сондықтан білімдегі баролқылықтардың орнын толтыруға, білімді кеңейтуге және тереңдетуге, білім алушылардың қызығушылықтары мен бейімділіктерін дамытуға бағытталған үй тапсырмаларын саралау ұсынылады. Үлгі ретінде биология бойынша деңгейлік тапсырмалардың үлгісін келтіруге болады (кесте).

382-кесте. Биология бойынша сараланған тапсырмалардың үлгісі

	Класс:7	<i>Сабақтың тақырыбы:Органикалық заттар: тамақ өнімдеріндегі ақуыздар, майлар, көмірсулар.</i>
А	«Органикалық заттар: тамақ өнімдеріндегі ақуыздар, майлар, көмірсулар»тақырыбында тірек конспектін жаса.	

B	Зерделенген ұғымның анықтамасын жаз, оны суреттермен немесе сызбамен көрсет.
C	Тамақ өнімдерінде ақуыздардың, майлар мен көмірсулардың болуының адам үшін маңыздылығының бірнеше себебін сипатта.

Сабақта білім алушылардың зияткерлік дағдыларын дамыту және олардың қиындық дәрежесін біртіндеп күрделендіруге қарай білім деңгейі бойынша тапсырмаларды саралау ұсынылады:

- базалық деңгей, жеңіл тапсырмалар мен орташа қиындықтағы тапсырмалар;
- жоғарылаған деңгей, орташа қиындықтағы және орташа қиындықтан жоғары тапсырмалар;
- жоғары деңгей, орташа қиындықтан жоғары тапсырмалар мен қиын тапсырмалар.

Білім алушылардың білім сапасын арттыруда негізгі компоненті мазмұндық талдау, жоспарлау және рефлексия болып табылатын логикалық және сыни ойлауды дамыту сияқты маңызды бөліктерін бөліп аламыз. Бұл әрекеттерді қалыптастыруға және дамытуға бағытталған тапсырмалар, сондай-ақ оларды орындау бойынша білім алушылардың іс-әрекетін дұрыс ұйымдастыру оқыту сапасын, сондай-ақ оқыту нәтижелерін арттыруға ықпал ететін болады, себебі дамыған ойлау білім алушылардың оқуға сезінген қадам жасауын қамтамасыз етеді.

Біз бұл аспектілерге жайдан жай тоқталмаймыз, себебі жаңа оқу бағдарламаларында пәндерді зерттеу міндеттері мыналарға бағытталған:

1) болашақта таңдайтын мамандығы бойынша білімді өз бетінше зерделеуге және оны жалғастыруға қажетті кең спектрлі дағдыларды қалыптастыру;

2) логикалық және сыни ойлауды, шығармашылық қабілеттерді дамыту;

3) коммуникативтік дағдыларды, соның ішінде ақпаратты нақты және сауатты жеткізу, жарияланымдар мен электронды құралдарды қоса алғанда, ақпаратты әртүрлі дереккөздердің ақпаратын қолдану қабілеті;

4) тәуелсіздік, жауапкершілік, бастамашылдық, табандылық, шыдамдылық және толеранттылық сияқты өзіндік жұмыстарға да, ұжымда жұмыс жасауға да қажетті тұлғалық қасиеттерді дамыту;

5) оқыту процесінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану дағдыларын дамыту.

Мониторинг мәліметтері бойынша мұғалімдер әдістемелік нұсқаулықтың мазмұнын кейбір тапсырмаларды орындау әдісімен толықтыру жөнінде өтініштерін білдірді. Бұл жаңартылған білім мазмұнының бағдарламалары бойынша жұмыс жасайтын мұғалімдердің практикасын әдістемелік қолдау қажеттілігін көрсетеді. Мектептің пәндік әдістемелік бірлестіктерінің әдістемелік кеңесінің іс-шаралар жоспарына оқу материалының күрделі бөлімдері бойынша түсіндірме жұмысын, тәжірибелі педагогтердің шебер сыныптарын және т.б. енгізу ұсынылады.

Оқушылардың білімін тереңдету бойынша қосымша жұмыстарды

практикалық бағытталған іс-әрекетке, білім алушылардың зерттеушілік дағдыларын дамытуға бағыттау ұсынылады.

Заманауи сабақ өткізуші мұғалім – білім алушылардың өзіндік белсенді танымдық іс-әрекетін ұйымдастырушы, кеңес беруші және көмекші. Бірақ, бұл ақпарат беруші, білім алушыға білім беруші ретінде мұғалімнің рөлін түсірмейді, ол оқу материалын түсіндіруге де тиіс. Бұл мақсатқа тұлғалық бағытталған технологиялар арқылы жетуге болады. Ол оқушының зияткерлік даму деңгейін және осы пәнге дайындығын, оның қабілеттері мен болашағын ескере отырып, оны оқытуға деген сараланған тәсілдерді қарастырады. Бұл технологиялар жаңа да, дәстүрлі оқыту жүйесінде де жазылған.

Қысқа мерзімді жоспарда әртүрлі деңгейлердің оқу материалындағы білім алушылардың бірдей іскерліктерін дамыту мүмкіндігі ескерілуі тиіс.

Мұғалім балалардың алатын білімінің, іскерліктерінің, іс-әрекет тәсілдерінің әмбебаптығы мен көпқырлылығы идеяларына енуі қажет.

Жаңартылған бағдарламалар балалардың оқу пәндері арқылы әлемді жаппай зерттеуіне бағытталған.

Оқыту мақсаттарының жүйесі кең спектрлі дағдыларды дамыту негізі бола отырып, мынадай:

- білімді функционалдық және шығармашылық қолдану,
- сыни ойлау,
- зерттеу жұмыстарын жүргізу,
- ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану,
- коммуникацияның түрлі тәсілдерін қолдану,
- топта және жеке жұмыс жасай алу,
- проблемаларды шешу және шешім қабылдау, педагогті оқыту сапасын арттыру үшін оқу процесін ұйымдастырудың қолайлы түрлері мен оқыту әдістерін мұқият іріктеуге міндеттейді.

Білім беру процесіне қатысатындардың барлығы үшін алғышарт бола алатын оқытудың интерактивтік әдістерін, білім алушылардың жобалық және зерттеушілік іс-әрекетін ұйымдастырумен үйлесетін диалогтық және рефлексивтік технологияларды қолдану оқу іс-әрекетін ойдағыдай жүзеге асырумен тығыз байланыста көмектеседі.

Жаңартылған бағдарлама оқушының кез келген өмірдің саласында өнімді қызмет етуге қабілетті, өз ойын қиындықсыз құрастыра және жеткізе білетін тілдік және тілдік емес пәндер бойынша құзыреттілігін дамытуды жобалайды. Осыған байланысты, оқыту сапасын арттыру үшін сапалы білімге жеткізетін базалық және түйінді құзыреттерге уәжді арттыруды және дамытуды қамтамасыз ететін деңгейлік сипаттағы қосымша тапсырмаларды құрастыру қажет.

Сондай-ақ кіріктіру білім беру процесін жандандырады, материалды меңгеруде қосарланушылықты жояды, оқу уақытын үнемдейді, шаршаудан құтқарады, ойлауды болашаққа бағыттайды және оқу үшін қолайлы жағдай жасайды. Сонымен қатар, ол білім алушылардың ғылыми білім деңгейлерін

арттыруға, логикалық ойлауын және олардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді.

Мұғалімдерге көмек ретінде *Академия сайтында* www.nao.kz төмендегі әдістемелік құралдар орналастырылған:

-«2018-2019 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін мектептерінде оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік-нұсқау хат;

- «Өлкетану»: мәдени-генетикалық кодтың негізі (мәдени мекемелердегі өлкетану сабақтары) (5-7 сыныптар) пәнін жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымдамалары;

- Білім мазмұнын жаңарту аясында «Химия» оқу пәнін оқыту бойынша (7-9-сыныптар) әдістемелік ұсынымдар;

- Бастауыш мектепте компьютерлік сауаттылық және ақпараттық-коммуникациялық технологиялар негіздерін оқыту бойынша әдістемелік ұсынымдар;

- Білім мазмұнын жаңарту аясында (5-9-сыныптарда) «Дене шынықтыру» пәнін оқыту бойынша әдістемелік ұсынымдар;

- Қазақстан Республикасының білім беретін ұйымдарының 5, 6, және 7-сыныптарына арналған «Өлкетану» оқулығын әзірлеу бойынша әдістемелік ұсынымдар;

- Білім мазмұнын жаңарту аясында «Физика» оқу пәнін оқыту бойынша (7-9-сыныптар) әдістемелік ұсынымдар;

- «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәнін оқыту бойынша әдістемелік ұсынымдар;

- Үйде оқытылатын балаларды жалпы білім беру мектебінің оқу бағдарламаларымен оқыту бойынша әдістемелік ұсынымдар;

- Білім мазмұнын жаңарту аясында (5-9 сыныптарда) «Математика» оқу пәнін оқыту бойынша әдістемелік ұсынымдар;

- ШЖМ біріктірілген сыныптары үшін жаңартылған білім мазмұнының оқу бағдарламаларын бейімдеу бойынша әдістемелік ұсынымдар (5-8 сыныптар);

- Негізгі орта мектеп деңгейінде біріктірілген сыныптарға арналған пәндер бойынша ұзақ мерзімді, орта мерзімді, қысқа мерзімді жоспарлардың үлгілері;

- ШЖМ жағдайында жаратылыстану-математика циклы пәндерін тереңдетіп оқыту бойынша әдістемелік ұсынымдар;

- ШЖМ жағдайында қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы пәндерді тереңдетіп оқыту бойынша әдістемелік ұсынымдар;

- ШЖМ үшін тірек мектептердің базасында қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар;

- ШММ педагогтерінің АКТ құзыреттілігін арттыру бойынша әдістемелік ұсынымдар.

6. Құндылықтарды жүзеге асыру жөнінде ұсынымдар

Тәрбиелеу мазмұнын жетілдіруді, білім алушылардың ортадағы іс-әрекетінің

барлық түрлерін тәрбиелеу сипатын қамтамасыз етуді, жұмыс түрлерін жаңартуды төмендегі жұмыс түрлері арқылы іске асыруға болады:

- патриоттық тәрбие;
- мәдени мұраларды зерттеу, оларды іс-шаралар жоспарына енгізу;
- іс-шараларға қатысу;
- мәдени орталықтарға бару;
- ата-аналар қоғамдастығын тарту.

Құндылықтарды іске асыру бойынша мұғалімдерге көмекке Академия сайтында төмендегі әдістемелік құралдар ұсынылған:

- «Саналы азамат»: Оқушының білім алуы мен кәсіби дамуының жеке бағыты әдістемелік ұсынымдар;

- «Тәрбиелік іс-шара»: алға қойылған мақсатқа жету деңгейінің өлшеу критерийлері (бәсекелік қабілет; прагматизм; ұлттық бірегейлікті сақтау; білімнің салтанат құруы; Қазақстанның революциялық емес эволюциялық дамуы; сананың ашықтығы») әдістемелік ұсынымдары;

- «Мектеп оқушысының кітап оқу іс - әрекеті» әдістемелік ұсынымдары;

- «Ұлттық қазына»: мұражайлардағы «жанды» сабақтар әдістемелік ұсынымдары;

- «Қазақстандағы балалар мен жасөспірімдер қозғалысы: тәжірибе, бастамалар, әлеуметтендіру» («Жас Ұлан», «Ұлы Дала скауттары», жас патриоттар академиясы және т.б.) әдістемелік ұсынымдары;

- «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында жалпы білім беретін ұйымдарда өлкетанулық жұмыстарды жетілдіру әдістемелік ұсынымдары.

7. Мектептің даму жоспарын құру жөнінде ұсынымдар

6, 8-сыныптар білім алушыларының білім сапасының динамикасын төмендетуге ықпал ететін тағы бір проблема – бұл жақсы оқитын оқушылардың 5 және 7-сыныптарды бітіргеннен кейін инновациялық мектептерге, лицейлерге кетуі. Сондықтан мектеп рейтингісін арттыру үшін жұмыс жасау керек.

Тиімді оқыту технологияларын іздестіру, инновациялық білім беру технологияларын оқу процесіне енгізу педагогикалық кадрлардың даярлығын талап етеді. Ілгерілетуші өзгерістердің жылдамдатылған қарқыны мұғалімдердің алдына тұрақты педагог

икалық ізденістің қажеттілігін қояды. Бүгінгі күні педагог білім мазмұнын жаңартуға көшу жағдайларында оқыту процесіне жаңа педагогикалық тәсілдерді белсенді енгізу, АКТ-ны кеңінен қолдану, онлайн-ресурстарды қолдану, балаларды өз бетінше танымдық іс-әрекетке баулу қажет. Ол үшін тиісті жағдайлар жасалуы қажет.

Сондай-ақ талдау қорытындысы білім алушылардың пәндер бойынша білім сапасының төмендегенін көрсетті, оған себеп мұғалімдердің ұзақ мерзімді курстарға (3, 6, 9 айлық) кетуіне байланысты орнын ауыстырушы мұғалімдердің сабақ беруі, сондай-ақ олардың жиынтық бағалау жұмыстарын жүргізу ережесін


бұзу фактілері белгілі болды. Мектеп осындай жағдайларда ұйымдастыру мәселелеріне көңіл бөлуі қажет, оларды жою жөнінде шаралар қабылдауы керек.

Заманауи жағдайларда мектепті дамыту жиналып қалған, әсіресе, өңірлік факторларға да байланысты проблемаларды шешудің кешенді тәсілін талап етеді. Жергілікті билік органдары мектепті, соның ішінде ауылдық мектептерді, орналасу жағдайы бойынша өңірлік ерекшеліктерді ескере отырып, білім беру ұйымдарын дамытудың вариативтік стратегияларын әзірлеуге қатысы бар барлық құрылымды дамытуға тарту шараларын қабылдауы тиіс. Бірлескен жоспар негізінде оларға білім беру ұйымдарын қолдау жөнінде өңірлік кешенді бағдарламалар әзірлеу қажет. Себебі білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін іске асырудан басқа балаларды сапалы оқытуды ұйымдастыруға арналған басқа да қатарлас мәселелерді шешу және оларды білім беру процесін жетілдіру жөніндегі нақты шаралар әзірлеуге енгізу қажет.

Әлеуметтік серіктестікті әртүрлі институттармен: отбасылармен, басқа да білім беру ұйымдарымен, денсаулық сақтау, мәдени-бос уақыт орталықтарымен, шаруашылық етуші субъектілермен, құқықтық тәртіп органдарымен, үкіметтік емес және қоғамдық ұйымдармен жан-жақты байланысы дамыту білім беру ұйымдары қызметінің тиімділігін арттырады.

Ұсынылған сұлба үлгісінде мектептің сыртқы ресурстарды тартатын ұйымдық құрылымы көрсетілген (1-сұлба).

1-сұлба. Мектептің кешенді даму жоспарының үлгі ретінде құрылымдық сұлбасы



Мектептің даму жоспарын білім мазмұнын жаңарту бойынша деңгейлік курстардан өткен мұғалімдермен бірлесіп әзірлеу қазіргі кезеңде оқыту мен оқу практикасын жақсартуға ықпал ететін білім беру процесінің өзекті міндеттерін ескеруге көмектеседі [3].

Қорытынды

Білім беру мазмұнын жаңарту бойынша жұмыс «100 нақты қадам» Ұлт жоспарының 76-қадамын, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру шеңберінде жүргізілуде.

Орта білім беру жүйесінде жаңартылған мазмұнды енгізу бойынша жұмысты жалғастыру Мемлекет басшысының 2018 жылғы 5 қазандағы «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс мен тұрмыс сапасын арттыру» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі Жалпыұлттық іс-шаралар жоспарының 31-тармағына сәйкес іске асырылады.

Тапсырманы іске асыруға бағытталған іс-шаралар тізбесі әдістемелік басшылықты, мұғалімдерге арналған әдістемелік құралдарды әзірлеуді, мектеп оқушыларының, мұғалімдердің, ата-аналардың мүдделерін қарастыратын жаңашылдықтар бойынша түсіндіру жұмыстарын қамтиды.

Өткізілген мониторинг қорытындысы жаңартылған білім мазмұнындағы бағдарлама бойынша курстан өтпеген және қысқа мерзімді біліктілікті арттыру курстарынан өткен мұғалімдерге әдістемелік көмек көрсету қажеттілігін көрсетті.

Бүгінгі таңда педагогтерге практикада қолданылатын оқыту әдістерін жүйелендіру және оқыту процесіне жаңа педагогикалық тәсілдемелерді белсенді енгізу қажет. Сонымен бірге АКТ-ны кеңінен қолдану, онлайн-ресурстарды пайдалану, білім беру мазмұнын жаңартуға көшу жағдайында білім алушылардың белсенді өзіндік танымдық әрекеті үшін жағдай жасау талап етіледі.

Білім алушылардың оқу-танымдық әрекетін басқару мұғалімнен интеллектуалды және дене күшін, әдіс-тәсілдерді, құралдарды таңдауда жоғары педагогикалық шеберлікті, кәсіпқойлықты, икемділікті талап етеді. Осыған байланысты, бұл әзірленім оқу процесін тиімді және нәтижелі ұйымдастыру бойынша құнды ұсынымдарды қамтиды.

Педагогтерге көмек ретінде елдің жалпы білім беретін мектептерінің 3, 6, 8-сыныптарында жаңартылған білім мазмұнын енгізуді талдау қорытындылары бойынша келесі әдістемелік ұсынымдар берілді:

1) Сабақта топтық жұмысты ұйымдастыру және өткізу бойынша ұсынымдар.

2) Мұғалімдердің жұмысын тиімді ұйымдастыру және оқу процесінің педагогикалық жағдайы бойынша ұсыныстар.

3) Сабақта формативті бағалауды өткізу бойынша ұсынымдар.

4) БЖБ және ТЖБ өткізу бойынша әдістемелік ұсынымдар.

5) Білім алушылардың білім сапасын арттыру бойынша әдістемелік ұсынымдар.

6) Құндылықтарды жүзеге асыру бойынша ұсынымдар.

7) Мектепті дамыту жоспарын құру бойынша ұсынымдар.

Әдістемелік ұсынымдама білім беру қызметкерлеріне, жалпы білім

беретін мектептердің мұғалімдеріне, оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендердің авторларына арналған.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2017 жылдың 31 қаңтарында Қазақстан халқына арнаған жолдауы.

2. Бастауыш білім беру деңгейінің 2-4-сыныптарына арналған «Орыс тілі» пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту орыс тілінде). Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы «10» мамырдағы № 199 бұйрығына 14-қосымша.

3. Бастауыш білім беру деңгейінің 2-4-сыныптарына арналған «Әдебиеттік оқу» пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту орыс тілінде). Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы «10» мамырдағы № 199 бұйрығына 15-қосымша.

4. Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде емес). Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы «10» мамырдағы № 199 бұйрығына 3-қосымша.

5. Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4-сыныптарына арналған «Ағылшын тілі» пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы «10» мамырдағы № 199 бұйрығына 5-қосымша.

6. Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4-сыныптарына арналған «Математика» пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы «10» мамырдағы № 199 бұйрығына 6-қосымша.

7. Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4-сыныптарына арналған «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы «10» мамырдағы № 199 бұйрығына 16-қосымша.

8. Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4-сыныптарына арналған «Дүниетану» пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы «10» мамырдағы № 199 бұйрығына 8-қосымша.

9. Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4-сыныптарына арналған «Жаратылыстану» пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы «10» мамырдағы № 199 бұйрығына 7-қосымша.

10. Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4-сыныптары үшін «Өзін-өзі тану» пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы «8» сәуірдегі № 266 бұйрығына 9-қосымша.

11. Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4-сыныптарына арналған «Музыка» пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым

министрінің 2018 жылғы «10» мамырдағы № 199 бұйрығына 9-қосымша.

12. Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4-сыныптарына арналған «Көркем еңбек» пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы «10» мамырдағы № 199 бұйрығына 10-қосымша.

13. Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4-сыныптарына арналған «Дене шынықтыру» пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы «10» мамырдағы № 199 бұйрығына 11-қосымша.

14. Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Орыс тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту орыс тілінде). Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі міндетін атқарушысының 2017 жылғы «25» қазандағы № 545 бұйрығына 4-қосымша.

15. Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Орыс әдебиеті» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту орыс тілінде). Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі міндетін атқарушысының 2017 жылғы «25» қазандағы № 545 бұйрығына 5-қосымша.

